- 30 Ob utverzhdenii «Edinoi programmy vospitaniia» v organizatsiakh obrazovaniia, za isklucheniem vysshikh uchebnykh zavedenii. ot 19 sentiabria 2023 goda № 294 [On Approval of the “Unified Upbringing Program” in Educational Organizations, Ex-

cept for Higher Education Institutions. Dated 19 September 2023 No. 294]. gov.kz. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=ru> [in Russian].

Information about the authors

Sakayeva, A.N. — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of Special and Inclusive Education, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: sakayeva_a@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8580-8612.

Mulikova, S.A. — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of Special and Inclusive Education, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: mulikovasaltanat@mail.ru, ORCID ID: 0000 0002-4624-8912

Bobrova, V.V. — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of Special and Inclusive Education, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: valya_nina@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6181-6885

Chemodanova, G.I. — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of Pedagogy and Psychology, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: galina_chem@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7066-1830

Zemlyanushkina, A.A. — Master's Student, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: zemlyanushkina.a@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-6977-8247

А.Р. Алпысбай^{1*}, Р.М. Айтжанова², G. Yuzhel³

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан;

³Гази университеті, Анкара, Түркия

(*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: akku.alpysbay78@gmail.com)

¹ORCID 0009-0003-8158-4756

²ORCID 0000-0002-2563-7986

³ORCID 0000-0003-2816-3621

Инклюзивті білім беру жүйесінде ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориялық негіздері

Мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау ұғымының ғылыми-теориялық негіздері қарастырылып, оның педагогикалық ғылым мен тәжірибе жүйесіндегі орны мен маңыздылығы анықталған. Психологиялық және педагогикалық қолдаудың мазмұнына байланысты ғалымдардың әртүрлі көзқарастары талданып, олардың негізгі ғылыми ұстанымдары жүйеленген. Мақаланың мақсаты — инклюзивті білім беру жүйесінде ата-аналарға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны, мәні мен теориялық негіздерін талдап, дамуында ерекшеліктері бар балаларды өсіріп отырған жанұяларға бағытталған мұндай қолдаудың өзіндік ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу әдістері: психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориясына қатысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау; баланы тәрбиелеу және қоғамға бейімдеу үрдісіне бағытталған арнайы таңдалған сауалнамаларды қолдану; талдау жүргізу және диагностикалық нәтижелерді интерпретациялау; алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу және педагогикалық тұрғыдан түсіндіру. Диагностикалық құралдар ретінде бақылау, сауалнама және ата-аналармен әңгімелесу әдістері пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің қазіргі таңдағы сұраныс деңгейін сипаттайтын мәліметтер алынды. Жүргізілген зерттеуде ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориялық үлгілері анықталып, олардың инклюзивті білім беру тәжірибесін жетілдірудегі маңызы негізделді. Инклюзивті білім беру жағдайында ата-аналардың белсенді араласуы ерекше қажеттілігі бар балалардың сәтті дамуы мен әлеуметтенуінің шешуші факторы екендігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық қолдау, ресурс, отбасы, ата-аналар, ерекше білім беру қажеттіліктері, ата-аналар клубы.

Kipicne

Инклюзивті білім беру бүгінде жаһандық деңгейде маңызды мәселе болып отыр. Елімізде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың санының өсуіне орай инклюзивті білім беру саласында нақты шаралар атқарылуда. Бүгінде Қазақстанда бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп, білім беру ұйымдарында қолайлы жағдайлар жасалуда. Білім алуға сұранысы ерекше балаларды инклюзивтік білім беру жүйесіне тарту мәселесі білім беру саласының өзекті бағыттарының қатарында қарастырылуда, бірақ әртүрлі аспектілері бойынша, соның ішінде дамыту және оқытуды ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты қамту тұрғысынан өте күрделі.

Қазіргі кезеңде әлемнің көптеген елдерінде инклюзивті білім беруді дамыту — білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстанда да ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың санының өсуіне байланысты ата-аналар мен отбасыларды қолдау мәселесі өзекті бола түсуде.

Инклюзивті білім берудің жүзеге асуы тек педагогикалық, әдістемелік, материалдық жағдайларға ғана емес, ең алдымен, ата-аналардың белсенді қатысуы мен психологиялық тұрақтылығына тәуелді.

Отбасы — баланың негізгі әлеуметтік ортасы, оның алғашқы тәжірибесі, өзін-өзі қабылдауы мен әлеуетін іске асыруының алғышарты. Сондықтан ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау инклюзивті білім беру жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі.

Инклюзивті білім беруді дамытудың әртүрлі мәселелері В.В. Ткачева [1], А.В. Москвина [2], С.Ю. Танцюра, С.М. Мартыненко, Б.М. Басангова [3], Т.Н. Волковская және т.б. сияқты шет ел ғалымдарының еңбектерінде зерттелген [4].

Отандық зерттеушілер А.Р. Рымханова, Қ.С. Тебенова, Р.М. Айтжанова [5], А.Т. Исакова, З.А. Мовкебаева, Г. Закаева, А.Б. Айтбаева, А.А. Байтурсынова [6], М.П. Оспанбаева және т.б. еңбектерінде инклюзивті білім берудің негіздері мен мәселелері және арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, инклюзивті оқытудың ғылыми тұғырлары қарастырылған [7].

Зерттеушілер А.К. Рсалдинова, А.М. Кемешова өз еңбектерінде инклюзивті білім беруді әр адамды түрлі жолдармен белсенді инклюзиялауды, дербестендірілген ықпалды және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларға білім беру процесіндегі кедергілерді жою негізінде оқыту мен оқу ортасын жетілдіру арқылы тең мүмкіндіктер жасауды көздейді деп қарастырған [8].

Зерттеуші ғалымдар М.Б. Тұрлубекова, Р.О. Бугубаева өз еңбектерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуы — олардың қоғамға табысты бейімделуінің, түрлі кәсіби салаларда өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруының және толыққанды өмір сүруінің басты алғышарты. Инклюзивті білім беру тек баланың білім алуға құқығын қамтамасыз етумен шектелмейді. Ол сонымен бірге жалпы білім беру жүйесінің тұжырымдамасына жаңаша көзқарас енгізіп, әрбір адамның қоғам өміріне тең дәрежеде араласуына жағдай жасауға бағытталатынын атап көрсеткен [9].

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету қызметін Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, ал арнайы білім беру мәселелері бойынша Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады.

Осы бастамалар аясында отандық және шет мемлекеттердің тәжірибесі зерделеніп, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйелері мамандарының, қоғамдық ұйымдардың әртүрлі топтарының инклюзивті білім беру тұжырымдамасына қатысты көзқарастары, пікірлері зерттеліп, мәліметтер талданды.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасында бірқатар мәселелер айқындалған. Олардың қатарында:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен ауылдық жерлердегі білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуының төмендігі;
- білім беру ұйымдарының тәрбие үдерісіне ата-аналардың қатысуының аздығы;
- тәрбие жұмысының сапасын бағалау үшін жүйелі мониторинг жүргізуге қажетті механизм пен критерийлердің болмауы [10].

Қазіргі педагогика мен психологияда гуманистік көзқарас тұрғысында қарастырылатын «қолдау» ұғымының маңызы артып келеді. Оны қолдану қамтамасыз ету, қолдау, қорғау, көмек көрсету процестерін біріктіру, сондай-ақ шешім қабылдауда субъектінің дербестігін баса көрсету қажеттілігінен туындайды.

1999 жылы зерттеуші Е.Г. Огольцова қолдау түсінігін былайша түсіндірді: «бұл — педагогтерге, ата-аналарға және олардың балаларына бағытталған іс-шаралар кешені. Аталған кешен жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен әлеуетін толық іске асыруына мүмкіндік беретін білім беру ортасының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуді көздейді» [11].

Зерттеуші ғалымдар М.М. Семаго, С.В. Алехина «қолдау» ұғымын түсіндіруде екі әдіснамалық ұстанымды айқындайды. Бірінші ұстаным — балалар мен жасөспірімдердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың табысты оқуына және дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған гуманистік парадигма принциптеріне сүйенеді. Ал екінші тәсілде қолдау баланың білім беру процесіндегі жетістігін қамтамасыз ету үшін қажетті педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік ресурстарды ұйымдастыру ретінде қарастырылады. Екінші ұстанымындағы қолдау баланың білім беру ортасындағы қалыпты қызметін қамтамасыз етуге, балалар мен жасөспірімдердің бейімделмеуін болдырмайтын жағдайлар жасауға бағытталған шаралар жүйесі ретінде қарастырылады [12].

Бұл ғалымдар В.В. Ткачева, Е.Ф. Архипова, Г.А. Бутко өз еңбектерінде екі тәсілдің де мазмұны мен бағдары бойынша ұқсас екенін атап өтеді. Алайда, олардың пікірінше, екінші тәсіл баланың білім беру ортасына бейімделу мүмкіндіктерінің шектеулілігін негізге алады және оқу ортасының шегінен шықпайтын шекаралар ретінде бейімделмеу аймағы мен бейімсіздік қаупі аймағының критерийлерін анықтауға негізделгенін атап өтті. Жүйеге бағытталған көзқарас тұрғысынан қолдауды субъектіге дамудың бағдарлық өрісін қалыптастыруға көмектесу ретінде қарастырады [13].

Шет елдік зерттеушілер В.И. Долгова, Н.В. Крыжановская, Н.А. Непомнящая және т.б. пайымдауынша, «қолдау» ұғымы — бұл адамның өзін-өзі дамытуына, жеке ресурстарын іске

қосуына ықпал ететін, тұлғаның өзіндік санасының қалыптасуы мен өзін-өзі жетілдіруге бағытталған психологиялық жәрдем түрі болып саналады [14].

Келесі кезекте Н.Г. Осухова білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі мақсаты «білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру, ол достық микроклимат, әрбір білім алушыға ашық көзқарас, балалар мен ата-аналарды білім беру ортасы мен оқу процесіне тартудың жоғары деңгейі, білім берудің барлық деңгейінде білім алушылардың әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту», – дейді [15].

Ал И.В. Карпенкова еңбектері психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған, ол өзгермелі тұлғамен қатар қозғалысты, тұлға дамуының мүмкін жолдарын анықтауда дер кезінде көмек пен қолдау көрсетуді көрсетеді. Ол өз зерттеулерінде жеке білім беру траекториялары мен кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде білім алушыларды психологиялық қолдауға басты назар аударады. И.В. Карпенкова қолдау адамның табысты кәсіби болашағын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық, диагностикалық, оқыту және дамыту іс-шараларын қамтуы керек, – деп атап көрсетеді [16].

Өз зерттеулерінде И.В. Карпенкова қоғамды ақпараттандыру, жеке және кәсіби ұтқырлықтың кеңеюі, белгісіздіктің артуы, өмірдің барлық салаларындағы бәсекеге қабілеттіліктің жоғарылауы, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың өзгеруі және жұмыспен қамтылумен бірге жүретін білімді қажет ететін өндірістің даму жылдамдығымен байланысты болатын бұл мәселенің өзектілігін атап өтеді. Автор атап өткендей, жоғарыда аталған өзгерістер мақсатты және үздіксіз талдау, білім беру субъектілерінің кәсіптік және білім беру қызметін жетілдіру бойынша түзету шараларын, оқу процесіне білім алушыларды психологиялық қолдауға байланысты кешенді және тиімді шараларды енгізуді талап етеді [16, 46].

Қазіргі әлемде «қолдау» ұғымы түрлі қырынан қарастырылады. С.К. Аканбаева ерекше атап өткен қолдау түрлерінің бірі — психологиялық-педагогикалық қолдау. Бұл тұрғыда ол білім берудің заманауи сапасын қамтамасыз етуге бағытталған, белгілі бір әдістемеге сүйенетін әлеуметтік психологиялық және педагогикалық іс-әрекеттер жиынтығы ретінде түсіндіріледі [17].

Отандық зерттеушілер И.Г. Елисеева, А.К. Ерсарина ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етуге арналған, жалпы білім беретін мектептердің басшыларына, педагогтеріне және мамандарына арналған әдістемелік нұсқауларында психологиялық-педагогикалық қолдау — бұл баланың мүмкіндіктері мен жеке сұраныстарына сәйкес оны тиімді оқыту мен дамытуға бағытталған, педагогтер мен мамандардың жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылған қызметі ретінде анықталады деген пікірлерін білдіреді [18].

Зерттеушілердің көзқарастары бойынша, «ерекше қажеттілігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» анықтамасын түйіндеуге қатысты бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

- біріншіден, бұл ата-ана функцияларын жүзеге асыруда ата-аналарға қолдау көрсету үрдісі;
- екіншіден, іс жүзінде ол тәрбиелік функцияларды жүзеге асыруда отбасына көмектесумен шектеледі, бірақ бала «ерекше» болғандықтан және отбасы жүйесі ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың тұрақты қысымында болғандықтан, педагогикалық көмек жеке отбасы мүшелерінің әлеуметтік-психологиялық жағдайын, сондай-ақ отбасы жүйесін қалыпқа келтіруге және түзетуге бағытталған;
- үшіншіден, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үдерісі зерттеуді, алдын алуды, бейімделу, дағдыландыру, түзету мен дамыту, сондай-ақ оңалту және сауықтыру бағыттарындағы әдістер мен технологияларды қолдануды қамтиды;
- төртіншіден, бұл қолдаудың мақсаты — ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың оқуы мен тәрбиесі барысында отбасылық өзара іс-қимылдың нәтижелілігін қамтамасыз ететін отбасының ішкі ресурсын кеңейтумен байланысты.

«Психологиялық-педагогикалық қолдау» мәнін ғалым О.С. Газман баламен оның жеке мүддесін, мақсатын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ оның жеке қадір-қасиетін сақтау арқылы оқу, өзін-өзі дамыту, қарым-қатынас жасау және өмір салтында қалаған нәтижелерге өздігінен қол жеткізуіне жағдай жасауға кедергі келтіретін кедергілерді жеңу жолдарын бірлесіп анықтау үрдісімен анықтайды [19].

Шет елдік ғалымдар А.В. Ченг пен Ц.Ю. Лай өз еңбектерінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға күтім жасау ата-аналарға көпқырлы әсер ететінін және көбінесе мұндай ата-аналарда ерлі-зайыптылық қатынастарда қиындықтар, физикалық және психологиялық шаршау, сондай-ақ, психикалық денсаулық мәселелері туындайтынын атап өтеді [20].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты көптеген мәселелердің ішінде отбасымен жұмыс жүргізу ерекше маңызға ие. Мұндай баланы тәрбиелеп отырған отбасында ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың болуы отбасы мүшелерінің өз функцияларын толыққанды атқаруы үшін неғұрлым қатаң талаптар қоятын орта қалыптастыруға ықпал етіп, отбасының табыс табу, демалу және әлеуметтік белсенділік мүмкіндіктерін шектеуі ықтимал.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала отбасының мәселелері олардың өмірінің әртүрлі салаларында көрінеді. Адамзаттың даму тарихында отбасы мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың даму барысында қазіргі заманауи нарықтық, экономикалық, әлеуметтік талаптарға сәйкес ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың отбасыларына қоғам тарапынан көмек пен қолдау көрсету қажеттілігі туындайды.

Сондықтан ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға екі бағытта қолдау қажет: біріншіден, ата-аналардың өзін-өзі бағалауын көтеріп, отбасындағы психологиялық климатты жақсартуға бағытталған психологиялық көмек; екіншіден, мұндай баланы тәрбиелеу үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған педагогикалық қолдау.

Көптеген көтеріліп отырған проблемалар жөнінде қарастырылған ғалымдардың Т.В. Туманова, Т.Б. Филичева, О.В. Югова, А.О. Белякин еңбектері бізге ата-аналарды инклюзивті білім беруге тартудың негізгі факторларының бірі олардың инклюзивті білім беру ортасын құруға саналы және белсенді қатысушылар ретінде қатысуы болып табылатынын айқындады [21].

Ерекше білім беруге сұраныстары бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың инклюзивті әлеуеті қазіргі таңда қолдау үдерісіне қатысушы субъектілердің ресурстық мүмкіндіктерін сипаттайтын ұғымдық-терминологиялық кеңістікке енген және мазмұны жағынан жаңашыл сипатқа ие құбылыс. Зерттеушілер В.А. Кудрявцев, С.Н. Каштанова аталған ғылыми бағытта өз зерттеулерінде білім алуға ерекше сұранысы бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың инклюзивті әлеуетін салыстырмалы талдау аясында эмпирикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі білім беруге ерекше сұраныстары бар балалардың әртүрлі санаттарын тәрбиелеп отырған отбасылардың тұжырымдамалық негіздерін тереңдетіп талдауды, сондай-ақ ата-аналардың тәрбиелік тиімділігін айқындайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді анықтауды қажет ететінін мәлімдейді [22].

Арнайы білім алуға сұранысы бар бала ата-анасына психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету үдерісі — бұл мамандардың, педагогтердің және отбасының өзара тығыз ынтымақтастығына сүйенетін көп қырлы, күрделі әрі үнемі дамып отыратын жүйелі үрдіс болып саналады.

Әдістер мен материалдар

Біздің зерттеу жұмысымыз қоғамдық қор «Батыл жүрек» Қайырымдылық қоры аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен жүргізілді. Зерттеуде ата-аналарға көрсетілетін қолдаудың негізгі бағыттары айқындалды: психологиялық көмек көрсету, педагогикалық білімін жетілдіру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және әлеуметтік бейімделуге ықпал ету. Зерттеу жұмысының мақсаты — ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге қажеттілік сұраныстарын анықтау.

Зерттеу жұмысының кезеңдері төмендегідей:

1. Анықтау кезеңі, оның барысында зерттеу тобы мен диагностикалық құралдар таңдалды, зерттеу базасы анықталды және зерттеу жүргізілді. Диагностикалық құралдар ретінде бақылау, сауалнама және ата-аналармен әңгімелесу әдістері пайдаланылды. Зерттеу нысаны ретінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен күнделікті өмірдегі өзара әрекеттесуін бақылау жүзеге асырылды.

Біз зерттеуші ғалым В.В. Ткачева әдістемесінің негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың сұраныстары, баланы тәрбиелеу және қоғамға бейімдеу кезінде кездесетін қиындықтары туралы мәліметтер алу мақсатында ата-аналарға сауалнама әзірледік. Сауалнама құрылымы 4 блоктан тұрады: ата-аналар мен балалар туралы жалпы ақпарат, ата-аналардың мамандармен өзара әрекеттесуі, ата-ананың психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасына қатысты ұстанымы, ата-ана мен бала қарым-қатынасы (баланың мінез-құлқы және оның коммуникативті дағдыларының дамуы мен қоршаған ортамен қарым-қатынасы) туралы мәліметтер.

2. Қалыптастыру кезеңінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдауға деген сұраныстары анықталды. Білім беруге

ерекше сұраныстары бар балалардың отбасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге қатысты олардың қажеттіліктері жөнінде деректер жинақтау қарастырылды.

Зерттеуге 5 жас пен 15 жас аралығындағы ерекше білім беруді қажет етуші балаларды тәрбиелеуші 48 ата-ана қатысты.

Ғылыми еңбектерді теориялық тұрғыдан сараптау нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу, дамыту және оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін бағалауға арналған бірқатар өлшемдер мен көрсеткіштерді айқындауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуші ата-аналардың сұраныстарының өлшемдері, олардың көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды (1-кесте).

1 - кесте

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуші ата-аналардың сұраныстарын анықтау

Өлшемдер	Көрсеткіштер	Деңгейлері
Танымдық	баланы тәрбиелеу және қоғамға бейімдеу саласындағы білімі мен тәжірибесі, балалардың психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерінің негіздерін білу, сонымен қатар тәрбиелеуде білім беру ресурстарымен жұмыс істеу дағдыларын білу	жоғары — балалардың психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерінің негіздері, баланы тәрбиелеу және қоғамға бейімдеу саласында жақсы білімі мен тәжірибесі бар, тәрбие беруде білім беру ресурстарын, интернет ресурстарын еркін пайдаланады
		орташа — білім беру порталдарымен жұмыс істеуде кейбір қиындықтарға ұшырайды, балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін біледі, бірақ тәрбие білім беру және білім беру ресурстарымен жұмыс істеуде қиындықтарды бастан кешіреді
		төмен — білім беру порталдарымен жұмыс істеуде үлкен қиындықтарды бастан кешіреді, баланы тәрбиелеу және қоғамға бейімдеу саласында білімі төмен деңгейде, тәжірибесі жоқ, балалардың психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерінің негіздерін іс жүзінде білмейді
Мотивациялық	баланы дамыту жұмыстарына ата-аналардың қызығушылығы мен қатысуы, баланың өмірдің әртүрлі салаларындағы проблемаларын, күшті жақтарын және мүмкіндіктерін жақсы түсінудегі ата-аналардың пікірлері	жоғары — ата-ананың баламен дамыту жұмыстарына қызығушылығының артуы, бала тәрбиесі мен дамуы саласында жақсы білімі мен тәжірибесі бар, өмірдің әртүрлі салаларындағы баланың проблемаларын, күшті жақтарын және әлеуетін түсінеді
		орташа — ата-ананың баламен дамыту жұмыстарына қызығушылығының әлсіздігі, баланы тәрбиелеу және дамыту саласында білімі мен тәжірибесі бар, бірақ өмірдің әртүрлі салаларындағы баланың проблемаларын, күшті жақтарын және мүмкіндіктерін толық түсінбейді
		төмен — ата-ананың баламен жұмысты дамытуға мүдделі болмауы, баланы тәрбиелеу және дамыту саласындағы білімі мен тәжірибесі аз

Өлшемдер	Көрсеткіштер	Деңгейлері
1-кес Белсенділік	ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдауға сұранысы, белсенділік та-нытуы және баланың отба-сы мүшелерімен ынтымақтастық пен серіктестіктің дамуы, ата-аналардың мүмкіндіктері мен ресур-стары негізінде және отба-сы жағдайын білу негізінде үйде (үй тапсырмасы) мамандардың ұсынымдарын орындауға ата-аналардың қатысуы	жоғары — ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдауға сұранысы жоғары, белсенді қатысады, психологиялық-педагогикалық қолдаудың жүзеге асырылуы үшін педагогтермен ынтымақтастық пен серіктестікке жоғары қызығушылық
		орташа — ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдауға сұранысы мен қатысуы, психологиялық-педагогикалық қолдаудың жүзеге асырылуы үшін педагогтермен ынтымақтастық пен серіктестікке қызығушылықтары қажеттілік ретінде
		төмен — ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдауға сұранысы сирек, белсенділіксіз қатысады, психологиялық-педагогикалық қолдаудың жүзеге асырылуы үшін педагогтермен ынтымақтастық пен серіктестіктің қажеттілігін толық түсінбейді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу нәтижесінде біз келесі деректерді алдық:

– танымдық көрсеткіштер бойынша: 6 респондент (12 %) жоғары деңгей; орташа деңгейімен 22 респондент (46 %); ал 20 респондент (42 %) төмен деңгейге сәйкес келетін нәтиже көрсетті.

– мотивациялық көрсеткіштер бойынша: 30 респондент (62 %) жоғары; 18 респондент (38 %); орташа және төмен деңгейге ие.

– белсенділік көрсеткіштер бойынша: 8 респондент (17 %) жоғары деңгейде; 24 респондент (50 %) орташа деңгейде; 26 респондент (33 %) төмен деңгейде анықталды.

Зерттеу барысында ата-аналардың негізгі сұраныстары үш бағытта топтастырылды:

- эмоциялық және психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігі;
- тәжірибе алмасуға арналған ата-аналар қауымдастығының жүйелі жұмысы;
- баланың әлеуметтенуі мен оқыту үрдісіне қатысуы туралы ақпараттық және әдістемелік көмек тапшылығы.

Осы нәтижелерге сүйене отырып, ата-аналармен мақсатты түрде жұмыс жүргізудің келесі перспективалық бағыты ұсынылады: «Ата-аналар клубы» форматындағы жүйелі кездесулерді ұйымдастыру.

Мұндай кездесулердің мақсаты: ата-аналарға тәжірибе алмасуға және бір-бірінен қолдау алуға мүмкіндік беру; психологиялық-педагогикалық кеңес пен тренингтер, семинарлар өткізу арқылы ата-аналардың құзыреттілігін арттыру; отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы өзара сенімді қарым-қатынасты нығайту.

Осылайша, анықталған қажеттіліктер ата-аналар клубының жүйелі жұмысы арқылы шешілуі мүмкін. Мұндай бағыт инклюзивті білім беру жүйесінде «отбасы — білім беру ұйымы — баланың даму ортасы» үштігінің тиімді серіктестігін қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Инклюзивті білім беру жүйесінде ата-аналарды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау мәселесі қазіргі педагогикалық және психологиялық ғылымның маңызды бағыттарының бірі. Оның ерекшелігі, психологиялық-педагогикалық қолдау отбасына көмектесуге және оның ішкі ресурстарын жаңартуға бағытталған, бұл бала тәрбиелеу үдерісінің табысты болуын және отбасы жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Зерттелетін ұғымдардың атап өтілген ерекшеліктері мен мазмұны жұмыстың ғылыми жаңалығын құрайды.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары инклюзивті білім беру жүйесінде ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау мәселесінің өзекті әрі көпқырлы екенін көрсетті. Алынған сауалнама нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарының көпшілігіне тұрақты психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету, басқа ата-аналармен тәжірибе алмасу және мамандардан практикалық кеңестер алуға деген сұраныстардың бар екенін айқындады.

Инклюзивті орта жағдайында ата-аналар баланың білім беру бағдарламасын, әлеуметтену бағытын және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға қатысты күрделі жағдайларға тап болады.

Мысалы, 12 жасар ерекше білім беру қажеттілігі бар бала тәрбиелеуші ананың тәжірибесімен ұштастыра айта кететін болсақ, дамуында әртүрлі ауытқуы бар бала отбасында пайда болған кезде, баланың ерекшелігін түсіну және қабылдай алудан бастап, ата-аналардың алдында туындайтын жағдаяттар қиындай түседі, отбасы дағдарысқа ұшырайды. Отбасыларда күнделікті кездесетін көптеген мәселелер адамның барлық көріністерінде елеулі өзгерістердің болатынын көрсетеді: эмоционалдық сала, қоғаммен қарым-қатынас мәселелері, соматикалық бұзылулар және т.б.

Осындай жағдайларда кәсіби ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық қолдау ғана ата-аналардың саналы шешім қабылдауына, эмоционалдық тұрақтылығын сақтауға және оқу-тәрбиелік ұстанымдарын тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Сондықтан да ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қолдауға қажеттіліктері мен сұраныстарын анықтау өзекті мәселенің негізгі бағыттарын зерделеуде және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды тиімді ұйымдастыруда маңызды орын алады.

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету үрдісі ұзақ мерзімді және бұл жұмыс баланың дамуына қатысатын барлық мамандардың белсенді және кешенді қатысуын қажет ететіндігін айта кеткеніміз жөн. Біздің алдағы жүргізетін жұмыстарымыз ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары психологиялық-педагогикалық және ақпараттық-білім беру салаларын қамтиды.

Біз көтеріп отырған мәселелердің мазмұны ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына психологиялық және педагогикалық тұрғыдан кеңес беру, арнайы педагогтердің ұсынымдары мен әдістемелік нұсқауларын басшылыққа ала отырып қажетті ақпаратпен таныстыру, баланың ата-аналарын тәрбие мен оқыту үдерісіне белсенді тартуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру. Негізге алынған ұстаным баланың жеке қажеттіліктеріне бейімделген тәрбие тәсілдерін құруға және оларды тәжірибеге енгізуге мүмкіншілік тудырады.

Ата-аналарының оқу-тәрбие үрдісіне араласуы, олардың түзету-педагогикалық жұмысына қызығушылықпен қатысуы педагогтердің қалауымен емес, баланың дамуы үшін қажет болғандықтан маңызды. Педагогтер ата-аналарды тек одақтас қана емес, сонымен қатар жұмыстың барлық кезеңдерінде сауатты көмекшілерге айналдыруы керек.

Біз жоғарыда қарастырып отырған мәселеге талдау жасай отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасын қолдаудың тиімділігі осы процеске қатысушылардың барлығының, ең алдымен ата-аналардың өзара әрекеттесу дәрежесіне байланысты екенін атап өтуге болады. Бұдан білім алушыны әрбір маңызды кезеңде, әсіресе білім беру ұйымы жағдайында қолдау оның табысты әлеуметтенуінің кілті болады деген қорытынды жасалады.

Осылайша, осы зерттеу аясында психологиялық-педагогикалық қолдау оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде бала және оның ата-анасына осы жолда туындайтын әртүрлі сипаттағы қиындықтар мен кедергілерді жеңу, яғни оқу және әлеуметтену процестері кезіндегі оқу-тұрмыстық жағдаяттарды ойдағыдай меңгеру үшін өз күштерін дамытуға педагогикалық және психологиялық көмек көрсету мақсатында нақты өзара әрекеттесуді құру жүйесі ретінде қарастырылады.

Бұл деректер ата-аналармен мақсатты кездесулер ұйымдастырудың, соның ішінде ата-аналар клубы, қолдау топтары мен ағартушылық іс-шаралар өткізудің қажеттілігін дәлелдейді.

Мұндай кездесулер ата-аналардың күйзелісінің алдын алу, отбасындағы жағымды эмоционалдық ахуалды қалыптастыру және олардың педагогикалық құзыреттілігін арттырудың тиімді құралы бола алады.

Ата-аналардың кәсіби және эмоциялық қолдауға деген сұранысын «Ата-аналар клубы» аясындағы жүйелі, серіктестік форматтағы жұмыстар арқылы тиімді шешуге болады.

Бұл ерекше білім беруді қажет ететін балалар тәрбиелеп отырған отбасылардың өмір сапасын арттыруға және отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайтуға мүмкіндік береді.

Сондықтан психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыруда анықталған қиындықтарды жеңу, қолдау бағдарламасын жасау және практикалық жұмыстардың қажеттілігі өзекті.

Демек, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың отбасыларымен жұмыс жүргізу барысында жүйелі психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын енгізуге мүмкіндік туады деп ойлаймыз.

Болашақтағы ғылыми ізденістердің перспективасы «Ата-аналар клубы» аясында қолдауды жүзеге асыру үдерісін модельдеуден және оның тиімділігіне тікелей ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттар кешенін айқындаудан тұрады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ткачева В.В. Технологии психологического изучения семей, воспитывающих детей с отклонениями в развитии. [Электронный ресурс] / В.В. Ткачева. — М.: Изд-во УМК «Педагогика», 2006. — С. 320. — Режим доступа: <https://dou56-szr.minobr63.ru/wp-content/uploads/2024/02/.pdf>
- 2 Москвина А.В. Инклюзивный подход к непрерывному образованию людей с ограниченными возможностями здоровья / А.В. Москвина // Непрерывное образование: XXI век. — 2013. — № 1. DOI: <http://dx.doi.org/10.15393/j5.art.2013.1944>
- 3 Басангова Б.М. Сопровождение семьи ребенка с ОВЗ: Методические рекомендации [Электронный ресурс] / Б.М. Басангова, С.Ю. Танцюра, С.М. Мартыненко. — М.: ТЦ Сфера, 2017. — Режим доступа: <https://www.litres.ru/book/b-m-basangova/soprovozhdenie-semi-rebenka-s-ovz-metodicheskie-rekomendacii-67716281/>
- 4 Волковская Т.Н. Особенности работы с родителями в условиях коррекционного дошкольного учреждения для детей с нарушениями развития / Т.Н. Волковская // Коррекционная педагогика. — 2003. — № 2. — С. 62–70.
- 5 Тебеннова К.С. Педагог мамандарды инклюзивті білім беру жүйесіне даярлау: монография / К.С. Тебеннова, Р.М. Айтжанова, А.Р. Рымханова. — Қарағанды, 2016. — 264 б.
- 6 Исакова А.Т. Инклюзивті білім беру негіздері: оқу құралы [Электрондық ресурс] / З.А. Мовкебаева, Г. Закаева, А.Б. Айтбаева, А.А. Байтурсынова. — Алматы: ЖК «Балауса», 2016. — 320 б. — Қолжетімділігі: https://mega.nz/file/zloyTRRZ#6WUx16VNAbVWEaw-_HAlsuxW65gMEddmQIma4Sejm1s
- 7 Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы [Электрондық ресурс] / М.П. Оспанбаева. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — 232 б. — Қолжетімділігі: <http://repository.apa.kz/xmlui/handle/123456789/150>
- 8 Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жолдары. Әдістемелік нұсқаулық [Электрондық ресурс] / Құраст.: А.К. Рсалидинова, А.М. Кемешова. — Алматы: «Өрлеу» ҰБАО АҚФ ҚР БЖЖҚБАРИ, 2019. — 64 б. — Қолжетімділігі: <https://goo.kz/loader/load/3482033>
- 9 Турлубекова М.Б. Инклюзивное образование в Казахстане: анализ процесса организации и возможности дальнейшего его развития / М.Б. Турлубекова, Р.О. Бугубаева // Central Asian Economic Review. — 2021. — № 3. — С. 89–109. DOI: <https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-3-89-109>
- 10 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
- 11 Огольцова Е.Г. Развитие инклюзивного образования в России [Электронный ресурс] / Е.Г. Огольцова, А.Э. Тимохина, Е.А. Сергеева. // Молодой ученый. — 2017. — № 50. — С. 249–252. Режим доступа: <https://moluch.ru/archive/184/47136>
- 12 Создание и апробация модели психолого-педагогического сопровождения инклюзивной практики: методическое пособие / под общ. ред. С.В. Алехиной, М.М. Семаго. — М.: МГППУ, 2012. — 156 с.
- 13 Психолого-педагогическое сопровождение семьи ребенка с ограниченными возможностями здоровья: учебник / под редакцией В.В. Ткачевой. — М.: Издательский центр «Академия», 2017. — 272 с.
- 14 Долгова В.И. Актуальные проблемы психолого-педагогического сопровождения личности / В.И. Долгова // Научно-методический электронный журнал «Концепт». — 2016. — Т. 44. — С. 1–8.
- 15 Осухова Н.Г. Социально-психологическое сопровождение. Семья и личность в кризисной ситуации / Н.Г. Осухова // Психологический журнал. — 2001. — № 31. — С. 2–17.
- 16 Карпенкова И.В. Психологические аспекты социальной реабилитации родителей, имеющих детей с проблемами в развитии / И.В. Карпенкова // Внешкольник. — 2017. — № 2. — С. 45–48.
- 17 Аканбаева С.К. Инклюзивное образование в казахстанских школах / С.К. Аканбаева // Международный журнал экспериментального образования. — 2019. — № 12-4. — С. 513-514.
- 18 Елисеева И.Г. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации [Электронный ресурс] / И.Г. Елисеева, А.К. Ерсарина. — Алматы: ННПЦ КП. — 2019. — 118 с. Режим доступа: <https://special-edu.kz/news/466/single/476>
- 19 Газман О.С. Педагогическая поддержка детей в образовании как инновационная проблема / О.С. Газман // Новые ценности образования: десять концепций и эссе. — М.: 1995. — С. 58–63.

20 Cheng A.W.Y. Parental stress in families of children with special educational needs: a systematic review / A.W.Y. Cheng, C.Y.Y. Lai // *Frontiers in psychiatry*. — 2023. — Vol. 14. — C. 1198302. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsy.2023.1198302>

21 Tumanova T.V. Modeling of inclusive strategies for personalized psychological and pedagogical support for children with special educational needs / T.V. Tumanova, T.B. Filicheva, O.V. Yugova, A.O. Belyakin // *Perspectives of science and education psejournal*. — 2025. — No 1. — P. 496–511. DOI: <https://doi.org/10.32744/pse.2025.1.31>

22 Кудрявцев В.А. Сравнительный анализ инклюзивного потенциала семей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями здоровья / В.А. Кудрявцев, С.Н. Каштанова // *Перспективы науки и образования*. — 2024. — № 6(72). — С. 502–517. DOI: <https://doi.org/10.32744/pse.2024.6.31>

A.P. Алпысбай, Р.М. Айтжанова, G. Yuzhel

Теоретические основы психолого-педагогического сопровождения родителей в системе инклюзивного образования

В статье рассмотрены научно-теоретические основы понятия психолого-педагогического сопровождения родителей в системе инклюзивного образования, определено его место и значимость в системе педагогической науки и практики. Проанализированы различные точки зрения учёных относительно содержания психолого-педагогического сопровождения, систематизированы их основные научные позиции. Цель статьи — проанализировать содержание, сущность и теоретические основы психолого-педагогического сопровождения родителей в системе инклюзивного образования, а также выявить особенности такой поддержки, направленной на семьи, воспитывающие детей с особыми образовательными потребностями. Методы исследования: анализ научно-методической литературы по вопросам теории психолого-педагогического сопровождения; использование специально подобранных анкет, направленных на изучение процесса воспитания и социальной адаптации ребенка; проведение анализа и интерпретации диагностических результатов; статистическая обработка полученных данных и их педагогическая интерпретация. В ходе исследования получены данные, характеризующие современный уровень востребованности психолого-педагогического сопровождения родителей. Выявлены теоретические модели психолого-педагогического сопровождения родителей и обоснована их значимость для совершенствования практики инклюзивного образования. В контексте инклюзивного образования активное участие родителей рассматривается как важнейший фактор успешного развития и социализации детей с особыми потребностями.

Ключевые слова: инклюзивное образование, психолого-педагогическое сопровождение, ресурс, семья, родители, особые образовательные потребности, родительский клуб.

A.R. Alpysbay, R.M. Aitzhanova, G. Yuzhel

Theoretical bases of psychological and pedagogical support of parents in the system of inclusive education

The article examines the scientific and theoretical foundations of the concept of psychological and pedagogical support for parents in the inclusive education system, defining its place and significance in the system of pedagogical science and practice. Various points of view of scientists regarding the content of psychological and pedagogical support are analyzed, and their main scientific positions are systematized. The purpose of the article is to analyze the content, essence, and theoretical foundations of psychological and pedagogical support for parents in the inclusive education system, as well as to identify the features of such support aimed at families raising children with special educational needs. Research methods: analysis of scientific and methodological literature on the theory of psychological and pedagogical support; the use of specially selected questionnaires aimed at studying the process of upbringing and social adaptation of the child; analysis and interpretation of diagnostic results; statistical processing of the data obtained and their pedagogical interpretation. The study obtained data characterizing the current level of demand for psychological and pedagogical support for parents. Theoretical models of psychological and pedagogical support for parents were identified and their significance for improving the practice of inclusive education was substantiated. In the context of inclusive education, the active participation of parents has been proven to be a key factor in the successful development and socialization of children with special needs.

Keywords: inclusive education, psychological and pedagogical support, resource, family, parents, special educational needs, parents' club.

References

- 1 Tkacheva, V.V. (1998) Tekhnologii psikhologicheskogo izucheniia semei, vospityvaiushchikh detei s otkloneniiami v razvitiі [Technologies for the psychological study of families raising children with developmental disabilities]. Moscow: Izdatelstvo UMK "Pedagogika". *dou56-szr.minobr63.ru*. Retrieved from <https://dou56-szr.minobr63.ru/wp-content/uploads/2024/02/.pdf> [in Russian].
- 2 Moskvina, A.V. (2013) Inkluzivnyi podkhod k nepreryvnomu obrazovaniu liudei s ogranichennymi vozmozhnostiami zdorovia [An inclusive approach to continuing education for people with disabilities]. *Nepreryvnoe obrazovanie: XXI vek — Continuing Education: 21st Century*, 1. DOI: <http://dx.doi.org/10.15393/j5.art.2013.1944> [in Russian].
- 3 Basangova, B.M., Tantsyura, S.Yu., & Martynenko, S.M., (2017). Soprovozhdenie semi rebenka s OVZ: Metodicheskie rekomendatsii [Support for families of children with disabilities: Methodological recommendations]. Moscow: TC Sfera. *litres.ru*. Retrieved from <https://www.litres.ru/book/b-m-basangova/soprovozhdenie-semi-rebenka-s-ovz-metodicheskie-rekomendatsii-67716281> [in Russian].
- 4 Volkovskaya, T.N. (2003). Osobennosti raboty s roditeliami v usloviakh korrektsionnogo doskolnogo uchrezhdeniia dlia detei s narusheniiami razvitiia [Features of working with parents in a special preschool institution for children with developmental disabilities]. *Korrektsionnaia pedagogika — Correctional pedagogy*, 2, 62-70 [in Russian].
- 5 Tebenova, K.S., Aitzhanova, R.M., & Rymkhanova, A.R (2016). *Pedagog mamandardy inkluzivti bilim beru zhyiesine dairlau* [Training teaching staff for the inclusive education system]. Karaganda [in Kazakh].
- 6 Iskakova, A.T., Movkebaeva, Z.A., Zakayeva, G., Aitbayeva, A.B., & Baitursynova, A.A. (2019). Inkluzivti bilim beru negizderi: oqu quraly [Fundamentals of inclusive education: textbook]. Almaty. *mega.nz*. Retrieved from https://mega.nz/file/zloyTRRZ#6WUx16VNAbVWEaw-_HAlsuxW65gMEddmqIma4Sejm1s [in Kazakh].
- 7 Ospanbaeva, M.P. (2019). Inkluzivti bilim beru mazmuny zhane adistemesi: oqu quraly [Content and Methods of Inclusive Education: Textbook]. Almaty: Kazakh University. *repository.apa.kz*. Retrieved from <http://repository.apa.kz/xmlui/handle/123456789/150> [in Kazakh].
- 8 Rsalinova, A.K., & Kameshova, A.M. (2019). Inkluzivti bilim beru zhagdaiynda erekshe qazhetilikteri bar oqushylyardyn oqu zhetistikterin bagalauydy zhaldary [Methods for assessing the academic achievements of students with special educational needs in inclusive education Methodological guide]. Almaty: Orleu NAO RIPKSO. *goo.kz*. Retrieved from <https://goo.kz/loader/load/3482033> [in Kazakh].
- 9 Turlubekova, M.B., & Bugubaeva, R.O. (2021). Inkluzivnoe obrazovanie v Kazakhstane: analiz protsessa organizatsii i vozmozhnosti dalneishego ego razvitiia [Inclusive education in Kazakhstan: analysis of the organization process and opportunities for its further development]. *Central Asian Economic Review*, 3, 89–109. DOI: <https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-3-89-109> [in Russian].
- 10 "Qazaqstan Respublikasynda mektepke deiingi, orta, tekhnikaqy zhane kasiptik bilim berudi damytudyn 2023-2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasy bekitu turaly" Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhyly 28 nauryzdagy № 249 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan 249 of March 28, 2023, "On the Approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical, and Vocational Education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029"]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> [in Kazakh].
- 11 Ogoltsova, E.G., Timokhina, A.E., & Sergeeva, E.A. (2017). Razvitie inkluzivnogo obrazovaniia [Development of inclusive education]. *Molodoi uchenii — Young Scientist*, 249–252. Retrieved from <https://moluch.ru/archive/184/47136> [in Russian].
- 12 Semago, M.M., & Alekhina, S.V. (2012). Sozdanie i aprobatitsia modeli psikhologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniia inkluzivnoi praktiki [Creation and testing of a model for psychological and pedagogical support of inclusive practice]. Moscow: Moskovskii gosudarstvennyi psikhologo-pedagogicheskii universitet [in Russian].
- 13 Tkacheva, V.V. (2017). *Psikhologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie semi rebenka s ogranichennymi vozmozhnostiami zdorovia* [Psychological and pedagogical support for families of children with disabilities]. Moscow: Izdatelskii tsentr «Akademiiia» [in Russian].
- 14 Dolgova, V. I. (2016). Aktualnye problemy psikhologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniia lichnosti [Current issues in psychological and pedagogical support for individuals]. *Nauchno-metodicheskii elektronnyi zhurnal "Kontsept" — Scientific and methodological electronic journal "Concept"*, 44, 1–8 [in Russian].
- 15 Osukhova, N.G. (2013). Sotsialno-psikhologicheskoe soprovozhdenie. Semia i lichnost v krizisnoi situatsii [Social and psychological support. Family and personality in a crisis situation]. *Psikhologicheskii zhurnal — Psychological Journal*, 31, 2–17 [in Russian].
- 16 Karpenkova, I.V. (2017). Psikhologicheskie aspekty sotsialnoi reabilitatsii roditel'ei, imeiushchikh detei s problemami v razvitiі [Psychological aspects of social rehabilitation of parents who have children with developmental problems]. *Vneshkolnik — Out-of-school student*, 2, 45–48 [in Russian].
- 17 Akanbaeva, S.K. (2016). Inkluzivnoe obrazovanie v kazakhstanskikh shkolakh [Inclusive education in Kazakhstani schools]. *Mezhdunarodnyi zhurnal eksperimentalnogo obrazovaniia — International Journal of Experimental Education*, 12-4, 513–514 [in Russian].
- 18 Eliseeva, I.G., & Ersarina, A.K. (2019). Psikhologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie detei s osobymi obrazovatel'nymi potrebno'stiami v obshcheobrazovatel'noi shkole [Psychological and pedagogical support for children with special educational needs in general education schools]. Almaty: NNPTS KP. *special-edu.kz*. Retrieved from <https://special-edu.kz/news/466/single/476> [in Russian].

19 Gazman, O.S. (1995). Pedagogicheskaya podderzhka detei v obrazovanii kak innovatsionnaya problema [Pedagogical support for children in education as an innovative problem]. *Novye tsennosti obrazovaniia: desiat kontseptsii i esse — New values in education: ten concepts and essays*, 58–64. Moscow [in Russian].

20 Cheng, A.W.Y., & Lai, C.Y.Y. (2023). Parental stress in families of children with special educational needs: a systematic review. *Frontiers in psychiatry*, 14, 1198302. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyt.2023.1198302>

21 Tumanova, T.V., Filicheva, T.B., Yugova, O.V., & Belyakin, A.O. (2025). Modeling of inclusive strategies for personalized psychological and pedagogical support for children with special educational needs. *Perspectives of science and education psejournal*, 1, 496–511. DOI: <https://doi.org/10.32744/pse.2025.1.31>

22 Kudryavtsev, V.A., & Kashtanova, S.N. (2024). Sravnitelnyi analiz inkluzivnogo potentsiala semei, vospityvaiushchikh detei s ogranichennymi vozmozhnostiami zdorovia [Comparative analysis of the inclusive potential of families raising children with disabilities]. *Perspektivy Nauki i Obrazovania — Perspectives of Science and Education*, 72(6), 502–517. DOI: <https://doi.org/10.32744/pse.2024.6.31>

Information about the authors

Alpysbay, A.R. (contact person) — Doctoral Student, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: akku.alpysbay78@gmail.com, ORCID <https://orcid.org/0009-0003-8158-4756>

Aitzhanova, R.M. — Associate Professor, Candidate of Pedagogical Sciences, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: rozaaitzhanova@mail.ru, ORCID <https://orcid.org/0000-0002-2563-7986>

Yuzhel, G. — PhD, Professor, Gazi University, Ankara, Turkey; e-mail: ygelisli@gmail.com, ORCID <https://orcid.org/0000-0003-2816-3621>

Д.Б. Рыспаева

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
(Хат-хабарға арналған автор. E-mail: danaryspayeva@gmail.com)

ORCID 0000-0003-3785-4256

Scopus Author ID 59497274900

Researcher ID AGC-9548-2022

Бастауыш мектептегі функционалдық сауаттылық: мұғалімдердің түсініктері мен тәжірибесін зерттеу

Соңғы онжылдықта оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білім беру жүйесіндегі реформалардың басым бағыттарының біріне айналды. Функционалдық сауаттылық — білім алушылардың меңгерген білімдері мен дағдыларын академиялық ортада ғана емес, күнделікті өмірлік жағдайларда да тиімді қолдана алу қабілеті. Осы тұрғыда бастауыш мектеп оқушылардың оқу мотивациясының, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының және функционалдық сауаттылығының негіздері қалыптасатын маңызды білім беру кезеңі. Қазақстанда «білімді функционалдық тұрғыдан қолдану» бастауыш білім берудің негізгі мақсаттарының бірі ретінде айқындалғандықтан, мұғалімдердің функционалдық сауаттылықты дамыту тәжірибесіне ерекше мән беріледі. Алайда бастауыш сынып мұғалімдерінің функционалдық сауаттылыққа қатысты түсініктері мен оны дамытуға бағытталған тәжірибесі жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Мақала бастауыш сынып мұғалімдерінің функционалдық сауаттылыққа қатысты концептуалдық түсініктерін, оны дамытуға бағытталған тәжірибелерін және осы үдерісте туындайтын кедергілерді талдауға арналған. Сонымен қатар зерттеу функционалдық сауаттылықты концептуализациялау мәселесіне қатысты ғылыми талқылауды кеңейтуді көздейді. Эмпирикалық деректер сапалық зерттеу аясында жартылай құрылымданған сұхбаттар әдісі арқылы жинақталды. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің функционалдық сауаттылыққа қатысты концептуалдық түсініктерінде белгілі бір үйлесімсіздіктердің бар екенін көрсетті. Сонымен бірге функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісінде мұғалімдердің жеке және институционалдық кедергілерге тап болатыны анықталды. Осыған байланысты алынған нәтижелер мұғалімдердің функционалдық сауаттылықты тиімді дамытуына қажетті жүйелі білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған мақсатты кәсіби дамудың өзектілігін айқындайды.

Кілт сөздер: білім беру саясаты, білім беру реформалары, функционалдық сауаттылық, құзыреттілікке бағдарланған оқу бағдарламасы, бастауыш білім беру, бастауыш сынып мұғалімдері, кәсіби даму, сапалық зерттеу.

Kipicne

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білім беру жүйесіндегі реформалардың басым бағыттарының бірі. Соңғы онжылдықта бұл мәселе білім беру саясаты мен педагогикалық практика шеңберінде ерекше назарға ие болды. Осыған байланысты мақала бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тәжірибесін талдауға бағытталған.

- 22 Sommerauer, P. (2021). Augmented reality in VET: benefits of a qualitative and quantitative study for workplace training. In *54th Hawaii International Conference on System Sciences (HICSS)* (pp. 1623–1632). University of Hawai’i at Manoa. <https://doi.org/10.24251/HICSS.2021.196>
- 23 Eryigit, C.D., Kucuk, S., & Tasgin, A. (2025). Impact of augmented reality technology on geometry skills and motivation of preschool children. *Education and Information Technologies*, 1–26. DOI 10.1007/s10639-025-13631-4
- 24 Koumpouros, Y. (2024). Revealing the true potential and prospects of augmented reality in education. *Smart Learning Environments*, 11(1), 2. <https://doi.org/10.1186/s40561-023-00288-0>
- 25 Zhussupbekova, N.S., Sekerova, T.M., Khorgasbay, Ye.T., & Utemissova, A.Zh. (2025). Vnedrenie dualnoi sistemy obrazovaniia v Kazakhstane [Implementation of a dual education system in Kazakhstan]. *Izvestiia Kazakhskogo Universiteta Mezhdunarodnykh Otnoshenii i Mirobykh yazykov imeni Ablai khana. Seriya “Pedagogicheskie nauki” — Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series “Pedagogical Sciences”*, 1(76), 170-180. Retrieved from <https://vecher.kz/ru/article/v-536-kolledzh-kazakhstana-vnedreno-dualnoe-obuchenie.html> [in Language].
- 26 (2024). 85 % studentov, proshedshikh dualnoe obuchenie, truduistraivaiutsia v techenie 3 mesiatsev — NPP «Atameken» [85 % of students who have completed dual education are employed within 3 months — “NPP Atameken”]. *primeminister.kz*. Re-

trieved from <https://primeminister.kz/ru/news/85-studentov-proshedshikh-dualnoe-obuchenie-trudoustravayutsya-v-techenie-3-mesyatsev-npp-atameken-29071> [in Russian].

27 (2023). V Kazakhstane studentam 1-kh i 2-kh kursov kolledzhei razreshat prokhorodit dualnoe obuchenie [In Kazakhstan, 1st and 2nd year college students will be allowed to undergo dual training]. *bizmedia.kz*. Retrieved from <https://bizmedia.kz/2023-05-12-v-kazakhstane-studentam-1-i-2-kursov-kolledzhei-razreshat-prohodit-dualnoe-obuchenie/> [in Russian].

28 Shaghaghian, Z., Burte, H., Song, D., & Yan, W. (2022). An Augmented Reality Application and User Study for Understanding and Learning Spatial Transformation Matrices. *arXiv preprint arXiv:2212.00110*. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2212.00110>

29 Monteiro, K., Vatsal, R., Chulpongsatorn, N., Parnami, A., & Suzuki, R. (2023). Teachable reality: Prototyping tangible augmented reality with everyday objects by leveraging interactive machine teaching. *Proceedings of the 2023 CHI Conference on Human Factors in Computing Systems*, 1–15. <https://doi.org/10.1145/3544548.3581449>

30 Williams, M., Yao, K.K.K., & Nurse, J.R.C. (2018). ToARist: An augmented reality tourism app created through User-Centred Design. *arXiv preprint arXiv:1807.05759*. <https://doi.org/10.48550/arXiv.1807.05759>

31 15 + Use Cases & AI Applications of Augmented Reality. *aimultiple.com*. Retrieved from <https://research.aimultiple.com/ar-ai/>

32 Relić, J. (n.d.). Augmented Reality Examples: a comprehensive guide. *designrush.com*. Retrieved from <https://www.designrush.com/agency/ar-vr/trends/augmented-reality-examples>

33 Giang, N.T., Pham, T.H., Tran, D.T., Le, V.A., & Nguyen, H.P. (2025). Applying Augmented Reality Technology in STEM Education: A Bibliometrics Analysis in Scopus Database. *European Journal of Educational Research*, 14(1). <https://doi.org/10.12973/eu-jer.14.1.73>

34 Uderbayeva, N., Karelhan, N., Ongarbayeva, M., & Almukhanbetova, A. (2025). Developing Future Teachers' Competences in IT and Robotics Using Virtual and Augmented Reality: A Study of Teaching Effectiveness. *Journal of Technical Education and Training*, 17(1), 119–132. <https://doi.org/10.30880/jtet.2025.17.01.010>

35 Almukhanbetova, A. (2024). Mugalimder ushin zhana olshemder: AR-VR zhane Zhasandy intellekt [New dimensions for teachers: AR-VR and Artificial Intelligence]. *Eurasian Science Review an International peer-reviewed multidisciplinary journal*, 2(Special Issue), 37–44. <https://doi.org/10.63034/esr-303> [in Kazakh].

36 Karelhan, N., Uderbayeva, N., & Ongarbayeva, M. (2024). Practical foundations of the use of augmented and virtual reality technologies in the discipline “Digital Literacy”. *Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series of Physical and Mathematical sciences*, 86(2), 288–297. <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.86.2.026>

37 Arymbekov, B., Turekhanova, K., & Turdalyuly, M. (2024). The Effect of Augmented Reality (AR) Supported Teaching Activities on Academic Success and Motivation to Learn Nuclear Physics among High School Pupils. *International Journal of Information and Education Technology*, 14(5), 743–760. <https://doi.org/10.18178/ijiet.2024.14.5.2099>

38 Nurgazina, A., Mukasheva, A., Iskakova, Z., & Dzhusupova, S. (2025). Teachers' perspectives on the use of artificial intelligence and immersive technology in the process of teaching ge-ography. *Higher Education in Kazakhstan*, 50(2). <https://doi.org/10.59787/2413-5488-2025-50-2-63-79>

39 Beshenkov, S.A., & Rakitina, E.A. (2002). *Modelirovanie i formalizatsiya: metod. posobie* [Modeling and formalization: method. allowance]. Moscow: BINOM. Laboratoriia znaniy [in Russian].

40 Tsyganov, A.V. (n.d.). Innovatsionnye podkhody v modelirovani uchebnogo protsesssa [Innovative approaches in modeling the educational process]. *cyberleninka.ru*. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnye-podhody-v-modelirovani-uchebnogo-protsessa/viewer> [in Russian].

41 Serik, M., Almatova, A.M., Shongalova K., Akhatova, Zh., Baizakova, S.S. (2017). Zamanai tekhnologiyalardy bilim mazmunyna endirudin pedagogikalyq-praktikalyq negizderi [Pedagogical and practical bases for the introduction of modern technologies in the content of education]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Pedagogika seriasy — Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series*, 4(88), 60–64. Retrieved from <https://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/2706/M.%20Serik%2C%20A.M.%20Almatova.pdf?sequence=1&isAllowed=y> [in Kazakh].

42 Pelevin, V.N., & Sokolova, E.V. (n.d.). Formirovanie professionalnoy kompetentnosti budushchikh IT-spetsialistov [Formation of professional competence of future IT specialists]. *elar.urfu.ru*. Retrieved from <http://elar.urfu.ru/handle/10995/28653> [in Russian].

43 Kerimbayeva, R.Q., & Shauenova, M.A. (2020). Bilim berudi integratsiyalaudynd teoriyalyq negizderi [Theoretical foundations of education integration]. *Vestnik Kazakhskogo Natsionalnogo Pedagogicheskogo Universiteta imeni Abaia. Seriya: Pedagogicheskie nauki — Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series of Pedagogical Sciences*, 66(2), 55–60. <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.10> [in Kazakh].

44 Mukhamedzhanov, Sh.M. (2019). Teoreticheskie osnovy pedagogicheskogo modelirovaniia: sushchnost i effektivnost [Theoretical foundations of pedagogical modeling: essence and effectiveness]. *Nauka i mir — Science and World*, 2, 4 (68), 44 [in Russian].

45 Shumakova, N.V. (2014). Professionalnaia podgotovka studentov kolledzha na osnove tekhnologii aktivnogo obucheniia [Professional training of college students based on active learning technologies]. *Mezhdunarodnyi zhurnal prikladnykh i fundamentalnykh issledovaniy — International Journal of Fundamental Research*, 5-2, 171–173. Retrieved from <https://s.applied-research.ru/pdf/2014/5-2/5363.pdf> [in Russian].

46 Khamzina, B.E. (2010). *Pedagogicheskie osnovy podgotovki pedagogov k ispolzovaniiu sredstv informatsionno-kommunikatsionnykh tekhnologii v professionalnoi deiatelnosti* [Pedagogical foundations of preparing teachers for the use of information and communication technologies in professional activities]. Shymkent. *atyrau-edu.kz*. Retrieved from <https://atyrau-edu.kz/fund/show/f84bfec3-0d82-4ca3-b514-7ce65ebe609b> [in Russian].

Information about the authors

Karabay, A.M. (contact person) — Doctoral student in “Training of computer Science teachers”, Faculty of Physics and Mathematics, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: akerke.99.09.22@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1509-4422>

Baumuratova, D.B. — PhD, Senior Lecturer, Pedagogical Institute, Astana International University, Astana, Kazakhstan; e-mail: baumuratova.d@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4621-1886>

Bulbul, H.I. — Professor, Dr., Department of Computer and Instructional Technologies of Gazi Education Faculty, Gazi University, Ankara, Turkey; e-mail: bhalil@gazi.edu.tr, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6525-7232>

Ж.Р. Шаланова¹, С.Н. Нуркасымова², Ж.Т. Камбарова^{3*}

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

³Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан
(*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: kambarovazht@gmail.com)

¹ORCID 0009-0001-1375-7921

²ORCID 0000-0001-9835-6862

³ORCID 0000-0001-9808-5484

Физика пәнін оқытуда STEM-технологияларын қолдану: жобалық-зертханалық жұмыс үлгісі

Қазіргі уақытта физиканы оқыту үдерісі заманауи білім беру технологияларын кеңінен енгізу арқылы қарқынды түрде жетілдірілуде. Заман талабына сай, білім алушылардың теориялық білімдерін тәжірибелік жұмыстармен ұштастыра отырып, олардың зерттеушілік және ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту аса маңызды. Мақалада физиканы оқыту үдерісінде заманауи технологияларды, соның ішінде STEM-технологияларын тиімді пайдалану жолдары қарастырылған. Жұмыстың негізгі мақсаты — білім алушылардың теориялық білімін тәжірибе арқылы бекіту, ғылым, технология, инженерия және математика арасындағы байланысты түсіндіру. Сабақ барысында білім алушылардың зерттеушілік, шығармашылық, сыни ойлау және топта тиімді жұмыс істеу дағдылары жан-жақты дамытылады. Жүргізілген педагогикалық зерттеу нәтижесінде STEM-тәсілінің физика пәнін оқытуда білім алушылардың қызығушылығын арттыруға және білім сапасын көтеруге ықпал ететіні дәлелденді.

Кілт сөздер: физика пәні, жаңа технологиялар, кіріктірілген STEM-оқыту, оқыту тәжірибелері, зерттеушілік дағдылар.

Kipicne

Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді талдау нәтижесінде қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие үдерісінде 50-ден астам педагогикалық технологияларды қолданады. Бұл технологиялардың барлығын бір сыныпта, бір уақытта оқу үдерісінде қолдану мүмкін емес. Сондықтан жалпы білім беретін ортада жиі қолданылатын жаңа педагогикалық технологияларға: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы, түсіндіру, басқарып оқыту технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы, модельдік оқыту технологиясы, STEM-технологиясы, жобалап оқыту технологиясы, SMART оқыту технологиялары [1].

Технологиялардың ішінен физика пәнінен білім беру барысында тиімді қолдануға болатын STEM-технологиясы қарастырылды. STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) — жаратылыстану, технология, инженерия және математика пәндерін өзара кіріктіре отырып оқытуды көздейтін білім беру тәсілі және ол қазіргі заманның негізгі талаптарының бірі. Еліміздің цифрлық технологиялар туралы сауаттылық деңгейі қазіргі таңда елдің жаһандық аренадағы орны мен ішкі әлеуетінің көрсеткіші ретінде бағаланады. Бұл бағыттарды дамыту — заманауи қоғамның негізгі қажеттіліктерінің бірі.

STEM-технологияларының қазіргі білім беру жүйесіндегі рөлі мен маңыздылығы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін жан-жақты қарастыра отырып STEM білім беруді басқа елдер қалай жүзеге асырып жатқандығына талдау жасалынды. Бірқатар зерттеушілер И. Усембаева, Б. Курбанбеков, Ш. Ракманкуловтың жұмыстарында STEM білім беру талаптарына сай болашақ физика мұғалімі құрал-жабдықтардың жұмыс принципін меңгеріп, оларды сабақта тиімді қолдана білуі тиіс. Эксперимент барысында қондырғыны түсінбеген жағдайда білім алушылар физикалық құбылысты да толық меңгере алмайды. Құралдардың жетіспеушілігі немесе ескірген жағдайда мұғалім 3D принтермен басып шығару сияқты заманауи шешімдерді қолдануы қажет. Зерттеулер бұл әдістің сабақ сапасын арттырып, студенттердің пәнге қызығушылығы мен түсіну деңгейін көтереді [2-3].

Ү. Li және т.б. еңбектерінде қазіргі STEM білім беруде білім алушыларға тәжірибе жасауға, күрделі процестерді визуализациялауға және өз жобаларын жасауға мүмкіндік беретін цифрлық технологиялар мен модельдеу құралдары маңызды орын алады. Зерттеулерге сәйкес, цифрлық платформалар мен модельдеулерді пайдалану білім алушылардың ынтасын айтарлықтай арттырады және олардың ғылыми тұжырымдамаларды түсінуін жақсартады деп тұжырымдайды [4].

Tang Minh Dung зерттеулерінде Вьетнам мектептеріндегі басты қиындық дәстүрлі оқыту, яғни тек біріпәндік оқыту, ал STEM білім беруді енгізу арқылы білім беру орталарында пәнаралық байланысты орната алғандықтарын көрсеткен. Мысалы, серіппелі таразыны зерттеу тапсырмасы аясында физика мен математика пәндерінің интеграциясы білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік бергені анықталған [5].

А.А. Изтлеуова зерттеулеріне сәйкес, STEM білім берудің басты мақсаты — еңбек нарығында сұранысқа ие, заманауи технологияларды меңгерген білікті мамандарды даярлау [6].

М.А. Honey-дің зерттеу нәтижесінде соңғы жылдары STEM білім берудің белсенді дамуы білім беру үдерісінде маңызды өзгерістерге әкелуде. STEM бағытындағы оқыту білім алушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және зерттеу дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетіп отыр [7].

W.E. Dugger және басқа авторлардың зерттеуінде STEM пәндерін оқу орындарында оқытудың бірнеше тәсілдері қарастырылады: пәндерді жеке оқыту, бір-екі пәнді тереңдетіп меңгеру, бір пәнді басқаларға біріктіру немесе барлық пәндерді интеграциялауға мән береді [8].

STEM-тәсілінің тиімділігі мен артықшылықтары ғылыми әдебиеттерде кеңінен көрсетілгенімен, Margot & Kettler деген зерттеушілер STEM-сабақтарын сапалы жоспарлап, жүзеге асыру үшін арнайы дайындалған оқытушылардың тапшылығына ерекше назар аударады. Себебі, дәстүрлі оқыту әдістері инновациялық ойлау дағдыларының қалыптасуына ықпал ете алмайды, ал STEM бағыты мұндай дағдыларды мақсатты түрде жетілдіруде маңызды рөл атқарады [9].

Ғ.И. Исаев және басқа авторлардың көзқарастары бойынша цифрландыру жағдайындағы STEM-технологияларын енгізу мәселелері ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылып, ғылыми-техникалық білім беруде, әсіресе биологияны оқытуда STEM-технологиясының маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Сондай-ақ пәнді кіріктіре оқытуда STEM-технологияларын қолдануды ұсынады [10].

STEM-технологияларын білім беруде Г.К. Жусупкалиева және басқа авторлар қазіргі білім беру жүйесінде STEM-тәсілі аясында жаратылыстану ғылымдарын интеграциялау, пәнаралық және жобалық оқыту ерекше маңыздылығын көрсетеді. Білім беру орталарында STEM-технологияларын тиімді жүзеге асыру үшін оқытушылар арасында зерттеу жүргізу, сала мамандарымен ынтымақтастық орнату және әдістемелік қолдауды күшейту қажеттігіне ерекше назар аударған [11].

Жоғарыда қарастырылған ғылыми-педагогикалық зерттеулерде STEM-тәсілінің білім алушылардың сыни ойлауын, практикалық әрекетін және шығармашылық қабілетін дамытатыны дәлелденген. Дегенмен физика сабақтарында STEM-технологияларын тиімді жүзеге асыру әдістемесі әлі де толық пысықтауды қажет етеді. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты — физика сабағында STEM жобаны енгізу арқылы білім алушылардың тәжірибелік және зерттеушілік дағдыларын дамыту жолдарын көрсету.

Әдістер мен материалдар

Физика пәнінен білім беру саласында STEM-технологиясын қолдану эксперимент бойынша қарастырамыз. Muhammad Abd Hadi Bunyamin және т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде STEM-технологияларының басым бөлігі физика пәнімен тығыз байланысты болғандықтан, оның ішінде ракеталық жобалар мен робототехника сынды инженерлік тапсырмаларда физикалық заңдылықтардың қолданылуы жиі кездеседі [12-13].


Бұл жобалық жұмыстың басты мақсаты — білім алушылардың физика сабағында STEM-технологияларын қолдану арқылы алған білімдерін практикада тиімді пайдалануын қамтамасыз ету.

Тапсырма: орбитаға (яғни, шамамен 1 метр биіктікке) кемінде үш рет көтерілетін, барынша жеңіл және берік қозғалтқышы бар зымыранның конструкциясын жасау. Бұл 1 литрлік су бөтелкесін жоғары итере алатын тартқыш құрылымды жобалау арқылы жүзеге асады.

Қажетті материалдар: ағаш таяқшалар, дюбельдер, ыстық ерітілген желім, гофрленген картон, 35 мм пленкалы банклар, 1 және 2 литрлік пластикалық бөтелкелер, құм салынған қап, кішкентай қағаз шыныаяқ.

Жобалау процесі.

Жобалау процесінің негізгі формасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жобалау процестерінің негізгі формасы

1. Ең алдымен білім алушылар зымыранды жердің төменгі орбитасына сәйкес келетін 1 метр биіктікке ұшыру үшін қажетті күшті есептейді. Кейін олар өз идеяларын сызба арқылы көрсетіп, құрылымды жасайды және сынақтан өткізеді. Жобалау барысында білім алушылар құрылымның салмағын азайтуға тырысып, беріктігін сақтауға немесе арттыруға бағытталған бірнеше қайта жобалау кезеңдерінен өтеді.

2. Сабақ барысында білім алушылар бастапқы прототипті құрастырады, оны іске қосып, нәтижелерді тіркейді.


3. Келесі кезең білім алушылар прототипті сынақтан өткізіп әр сынақтан кейін олар конструкцияны жеңіл әрі мықты етіп жетілдіруге тырысады және бірнеше қайта жобалау мүмкіндігіне ие болады.

4. Бүкіл жұмыс барысында диаграммалар, зерттеу нәтижелері, сұрақтар мен жазбаларды арнайы журналда жүргізіп отырады. Бұл журналдар кейін жобалық таныстырылым материалдарын әзірлеуде маңызды ресурс қызметін атқарады.

5. Жобаның соңғы кезеңінде әр команда өздерінің тартқыш құрылымының қалай дамығанын көрсететін көрнекі есеп материалдарын дайындайды. Онда бастапқы, аралық және соңғы дизайн үлгілері бейнеленіп, конструкцияның қалай және неге өзгергені түсіндіріледі. Көрнекі материал кемінде үш түрлі үлгіні қамтып, дизайн процесінің логикасын айқын сипаттауы тиіс. Әр топ өз жұмысын сынып алдында таныстырып, «біз не үйрендік?» деген қорытынды жасайды.

Ұсынылатын прототипті құрастырудағы ескерілетін физика заңдарымен байланыстыру.

Осы кезеңде білім алушылар ұшыру қондырғысының жұмысына әсер ететін негізгі физикалық заңдылықтарды талдайды. Прототипті сынау барысында қозғалыс бағыты, күштердің әсері және энергияның түрленуі байқалып, әр сынақтан кейін конструкцияны жетілдіру шешімдері қабылданады (2-сурет).



2-сурет. Ұшыру қондырғысын сынақтан өткізу

Бұл кезеңде білім алушыларға зымыранды ұшыруға арналған механикалық ұшыру қондырғысын жобалау тапсырмасы беріледі.

1. Ұшыру күштеріне кемінде үш рет төтеп бере алатын ең жеңіл ұшыру қондырғысын жасаңыз. Орбиталық ұшыру = 1 литрлік су бөтелкесін шамамен 1 метр ауаға итеру.

Қажетті материалдар: 1 және 2 литр пластик бөтелкелер, бөтелкені штативке бекітуге арналған гофрленген картон, құм салынған қапшық, иіңтірек, сызғыш, штатив.

1. *Қозғалтқыштың тарту күшін анықтау.* Бірінші тапсырмада білім алушылар бөтелке-зымыранды «орбитаға шығару» үшін қажетті тарту күшін анықтауы тиіс. Ол үшін олар құм салынған қаптың қандай биіктіктен түсуі зымыранды сақиналы тіреуден сәл ғана көтеруге жеткілікті болатынын тәжірибелік жолмен анықтайды. Бұл кезеңде зымыранның тым жоғары ұшып кетпеуінің маңызды екенін түсіндіру қажет, себебі шамадан тыс күш беру құрылымға артық жүктеме түсіріп, оны «орбита шегінен» шығарады.

Экспериментті жүргізу үшін бір білім алушы құм қапшығын түсіруші, ал екінші білім алушы зымыран моделін ұстап тұрушы ретінде таңдалады. Қаптың құлау биіктігі сызғыш немесе рулетка көмегімен өлшенеді. Сонымен қатар құлау биіктігін белгілеу үшін қатты қағаздан немесе қалташа папкадан жасалған маркерді сақиналы тіреуге бекітуге болады.

Эксперимент төмен биіктіктен басталып, зымыран сақиналы тіреуден сәл ғана көтерілгенге дейін биіктік біртіндеп арттырылады. Осы әрекет бірнеше рет қайталанып, зымыран кезекпен үш ұшыру барысында бірдей биіктікке көтеріле алатын деңгей анықталғанға дейін жалғасады. Оптималды құлау биіктігі табылған соң, ол жазып алынады және тіреуде белгіленеді (мысалы, жапсырма таспа арқылы белгі қою). Алынған нәтижелерді білім алушылар әртүрлі құм массаларын қолдана отырып, төмендегі 1-кесте түрінде тіркей алады.

1 - к е с т е

Ұшыру қондырғысының жұмыс параметрлерін тіркеу

№	Зымыран моделінің массасы (кг)	Құм жүктемесінің массасы (кг)	Құлау биіктігі (см)	Зымыран моделінің ұшу биіктігі (см)	Орбитаға жету шартының орындалуы (ия/жоқ)
1					
2					
3					

2. *Зымыранды ұшыру кезіндегі энергияның берілуін түсіну.* Бөтелке-зымыранын ұшыру процесін түсіндірудің тиімді тәсілдерінің бірі — ұшыру сәтіндегі энергияның берілу ретін талдау. Білім алушылар прототипті құрастырып, алғашқы сынақтан өткізгеннен кейін, энергияның қайдан келетінін және оның түрленуін талқылауға уақыт бөлінеді. Бұл кезеңде білім алушылардың потенциалдық энергия және кинетикалық энергия туралы алдын ала білімі пайдалы болады.

Ұшыру кезінде болатын құбылыстарды еске түсірейік: құм салынған қап жоғары нүктеден төмен қозғалады → иіңтірек қозғалысқа келеді → иіңтірек энергияны ұшыру қондырғысына береді → қондырғы зымыран моделін итереді → зымыран көтеріледі → белгілі бір биіктікке жетіп, қозғалысын тоқтатады. Білім алушыларға сұрақтар қойылады: зымыранды ұшыру үшін энергия қажет пе? (Иә.) Энергия қайдан келеді? Көп жағдайда білім алушылар: «Құм қапшықтан» деп жауап береді. Бұл жауапты нақтылау үшін жетекші сұрақтар қолданылады: қапшықтың энергиясы неден пайда болады? (оның биіктікте орналасуынан), ол энергияны не тудырады? (ауырлық күші). Егер қапшықтың массасы артса, энергия да арта ма? (Иә). Егер қапшық жоғарырақ биіктікте болса, энергия көбірек бола ма? (Иә). Осы тұста Ай бетінде осындай эксперимент жүргізілсе, энергия мөлшері аз болатыны түсіндіріледі, себебі Айдағы ауырлық өрісі Жерге қарағанда әлсіз.

Зымыран ең жоғары нүктеге жеткен сәтте кинетикалық энергиясы нөлге тең, ал гравитациялық потенциалдық энергиясы ең үлкен мәнге ие болады. Білім алушылар гравитациялық потенциалдық энергияны есептеу үшін қарапайым формуланы қолдана алады.

$$E_p = mgh,$$

мұндағы m — объектінің массасы, g — еркін түсу үдеуі, h — объектінің Жер бетінен биіктігі. Мысалы, құм қапшығының массасы 10 кг, ол Жерден шамамен 0,5 м биіктікте орналасқан деп алсақ, $g \approx 10$ м/с² болса, онда $E_p = 10 \times 0,5 \times 10 = 50$ Дж болады. Бұл формуланы қолдана отырып, білім алушылар ең жоғарғы нүктедегі бөтелкенің E_p мәнін есептей алады. Бұл есептеуді жүргізген соң, салыстыру нәтижесінде білім алушылар ұшыруға дейінгі құм қапшығының E_p мәні мен зымыранның ұшу нүктесіндегі E_p мәнінің бірдей еместігін көреді. Содан кейін олар: «Жоғалған энергия қайда кетті?» деген сұраққа жауап іздейді. Бұл айырмашылық энергияның бір бөлігі жылуға айналуына, материалдардың деформациясына және ауа кедергісіне қарсы жұмыс атқаруға жұмсалатынын көрсетеді. Бұл — жүйенің энергияның шығыны.

Эксперимент мәліметтерін талдай отырып, білім алушылар жүйенің тиімділігін анықтай алады, яғни пайдалы энергияның бастапқы энергияға қатынасын есептейді. Бұл жоба жағдайында тиімділік шамамен 20 % деңгейінде болады.

Содан кейін білім алушылар құм қапшығының иіңтірекке соғылған сәттегі кинетикалық энергиясы мен жылдамдығын, сондай-ақ ұшу кезінде бөтелке-зымыранның кинетикалық энергиясы мен жылдамдығын есептей алады. Кинетикалық энергия — бұл объектінің қозғалысы нәтижесінде иеленетін энергиясы. Қозғалыстағы объектілер басқа объектілерге әсер етіп, жұмыс атқара алатыны анық. Мысал ретінде оқтың немесе жүріп келе жатқан пойыздың қозғалысын алуға болады. Екеуі де қозғалыста болғандықтан кинетикалық энергияға ие, бірақ олардың энергиясы бірдей емес. Объектінің кинетикалық энергиясы (E_k) дененің m массасына және оның v жылдамдығына тәуелді:

$$E_k = \frac{mv^2}{2}.$$

Бұл формуладан көрінетіні, жылдамдық екі есе артса, кинетикалық энергия E_k төрт есе артады, ал масса екі есе артса, энергия E_k тек екі есе ғана артады. Сондықтан қозғалтқыштарда жоғары жылдамдық тудыру негізгі рөл атқарады: жылдамдық неғұрлым жоғары болса, берілген отын массасынан алынатын энергия соғұрлым көп болады. Білім алушылар құм салынған қап иіңтірекке соғылған сәттегі кинетикалық энергиясы мен жылдамдығын оңай есептей алады. Құм қапшығы иіңтірекке соғылған сәтте оның потенциалдық энергиясы E_p шамамен нөлге тең болады, ал оның кинетикалық энергиясы E_k — ол босатылғанға дейінгі E_p -ге тең болады, яғни шамамен 50 Джоуль. Олай болса,

$$\begin{aligned} E_k &= \frac{m\vartheta^2}{2} = 50 \text{ Джоуль} \\ \frac{10 \text{ кг} \times \vartheta^2}{2} &= 50 \frac{\text{кг} \times \text{м}^2}{\text{с}^2} \\ 5 \text{ кг} \times \vartheta^2 &= 50 \frac{\text{кг} \times \text{м}^2}{\text{с}^2} \\ \vartheta^2 &= 10 \frac{\text{м}^2}{\text{с}^2} \\ \vartheta &= \sqrt{10 \frac{\text{м}^2}{\text{с}^2}} \approx 3,2 \frac{\text{м}}{\text{с}} \end{aligned}$$

Демек, құм салынған қап иіңтірекке соғылғанда шамамен 3 м/с жылдамдықпен қозғалып келеді. Ұшыру сәтінде зымыранға берілетін кинетикалық энергия оның ең жоғарғы нүктедегі (апогей) гравитациялық потенциалдық энергиясына тең деп есептей аламыз. Біз зымыранның апогейдегі потенциалдық энергиясы $E_p = 10$ Джоуль екенін білеміз. Бұл шамамен оның «ұшып шыққан» кездегі кинетикалық энергиясына E_k тең болуы керек.

$$E_k = \frac{m\vartheta^2}{2} = 10 \text{ Джоуль}$$

$$\frac{1\text{кг} \times \vartheta^2}{2} = 10 \frac{\text{кг} \times \text{м}^2}{\text{с}^2}$$

$$0,5 \text{ кг} \times \vartheta^2 = 10 \frac{\text{кг} \times \text{м}^2}{\text{с}^2}$$

$$\vartheta^2 = 20 \frac{\text{м}^2}{\text{с}^2}$$

$$\vartheta = \sqrt{20 \frac{\text{м}^2}{\text{с}^2}} \approx 4,5 \frac{\text{м}}{\text{с}}$$

Осылайша, бөтелке-зымыранның ұшу сәтіндегі жылдамдығы шамамен 4 м/с болады. Логикалық тұрғыдан алғанда, ұшыру иінтірегі — ортасынан шарнир арқылы бекітілген тұтас ағаш өзегі болғандықтан, иінтіректің екі ұшы бірдей бұрыштық жылдамдықпен қозғалады. Сондықтан иінтіректің ұштарына орналасқан денелердің сызықтық жылдамдықтары да шамамен бірдей болады, тек қозғалыс бағыттары қарама-қарсы болады. Бұл мысалда олар дәл бірдей емес (3,2 м/с және 4,5 м/с), себебі біз биіктіктің және апогейдің жуық мәндерін қолдандық, сонымен қатар иінтіректің қозғалыс ауқымын ескермедік. Алынған нәтижелер идеалдандырылған теориялық модельден белгілі бір дәрежеде ауытқиды, бұл — нақты эксперимент жағдайлары үшін қалыпты құбылыс.

3. *Бөтелке-зымыранының моделі мен шынайы зымыранның ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру.* 2-кестеде бөтелке-зымыран моделі мен шынайы зымыранның жұмыс қағидалары салыстырылып көрсетілген. Мұндай салыстыру білім алушыларға зымыран қозғалысы принципін нақты түсінуге және модельдің қай бөліктері шынайы құрылымға ұқсайтынын анықтауға көмектеседі.

2 - к е с т е

Модельдік және шынайы зымыранның негізгі параметрлерінің салыстырмасы

Параметрлер	Бөтелке-зымыран	Шынайы зымыран
Қозғалысты тудыратын күш көзі	Иінтірек	2 қатты зымыран күшейткіштері және 5 сұйық отын қозғалтқыштары
Итеруші қозғалыстың энергия көзі	Құм қапшығының ауырлық күші	Отынның жануы тудырады
Итеру күштің әсер ету ұзақтығы	Секундтың бөлігі	Минуттар
Итеру күштің мәні	Кішкентай	47,4 МН
Зымыранның массасы	1 килограмм	3356 тонна
Тарту күші тәуелді болатын параметрлер	Құм қапшығының массасы Түсіру биіктігі Ауырлық күші	Отынның энергетикалық тығыздығы Отынның 1сек жанған массасы Қозғалтқыштың дизайны


4. *Сынақ нәтижелерін талқылаңыз.* Сынақтан кейінгі талқылау кезеңі — білім алушылардың білімін тек жобалау және құрастырумен әдістерінен тыс кеңейтіп, олардың жобалық жұмысын осы жұмысқа негіз болған ғылыми ұғымдармен байланыстыру үшін өте маңызды. Бұл кезеңде білім алушылар прототип құрылымының қалай жұмыс істейтінін, қандай элементтердің беріктігі немесе әлсіздігі байқалғанын және конструкцияны қалай жақсартуға болатынын талдайды.

Талқылау барысында білім алушыларға өз модельдерін қолдарына ұстап, олардың құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіру ұсынылады. Мұғалім сұрақтарды бағыттап, ойды дәлелдеуге жетелейді. Мысалы: сынақ кезінде ұшыру қондырғысының әр бөлігімен не болды? Қондырғының қандай да бір бөліктері басқаларға қарағанда тезірек істен шыққандай көрінді ме? Неліктен? Қондырғы қай элементтері ең тиімді болды? Бұл құрылымдарды тиімді еткен не? Егер құрылымдағы тірек

бағаналардың бірі майысқан болса, білім алушыларға оларды, мысалы, тіреуіштер арқылы қалай күшейтуге болатынын ойлануға көмектесіңіз.

Майысу құбылысын түсіндіру үшін қарапайым демонстрациялық тәжірибені қолдануға болады. Ол үшін икемді сызғышты немесе метрлік таяқшаны үстелге тік қойып, жоғарғы жағынан аздап басып көріңіз — сызғыш майыса бастайды (3-сурет). Осы тәжірибені ұзындығы әртүрлі, бірақ қалыңдығы бірдей сызғыштармен қайталау арқылы ұзын тіректер қысым әсерінен тез майысатынын, қысқа тіректер әлдеқайда берік болатынын көрсетіп түсіндіруге болады.

Егер сызғыштың ортасына қосымша қолдау (тіреу) қойылса, ол енді бір ұзын элемент емес, екі қысқа тірек сияқты жұмыс істейді және конструкция әлдеқайда берік болады. Бұл принцип зымыран моделінің тірек бөліктерін күшейту кезінде де сол күйінде қолданылады.



3-сурет. Конструкцияның беріктігін арттыру үшін орталық тіреуіш енгізу

5. Білім алушылардың презентациялары және бағалау критерийлері

Жобалық жұмыстар аяқталғаннан кейін әр топ дайындаған жобалық таныстырылым материалдарын сынып ішінде іліп қойыңыз. Білім алушыларға өзара жұмыстарды қарап шығуға, салыстыруға және пікір алмасуға уақыт беріңіз. Бұл кезең идеялар алмасуды, конструкциялық шешімдерді талдауды және топтар арасындағы рефлексияны ынталандырады.

Одан кейін әр топ өз жобасын қысқа таныстырады. Таныстырылым барысында білім алушылар модельдің қалай жасалғанын, қандай қиындықтар кездескенін, қандай жетілдірулер енгізілгенін және қандай ғылыми принциптер қолданылғанын түсіндіреді.

Таныстырылымдар төмендегі бағалау критерийлері бойынша бағаланады:

- 1) Жобалау үдерісінің логикалық және дәйекті түрде сипатталуы (Идея → бастапқы модель → сынақ → жетілдіру → соңғы нұсқа)
- 2) Кемінде үш конструкциялық нұсқаның көрсетілуі және олардың айырмашылықтарының түсіндірмесі;
- 3) Негізгі элементтері дәл және түсінікті көрсетілген техникалық сызбалардың болуы;
- 4) Сынақ нәтижелерінің талдауы және модельдің әр кезеңде қалай өзгергені туралы түсіндіру;
- 5) Ең тиімді құрылымның негізделген таңдауы (неге бұл нұсқа тиімді екені дәлелмен көрсетіледі);
- 6) Ғылыми терминологияны дұрыс және орынды қолдану;
- 7) Жобалық таныстырылым материалының эстетикалық және мазмұндық тұрғыдан сауатты безендірілуі;
- 8) Мәтіндік мазмұнның грамматикалық сауаттылығы мен тілдік бірізділігі.

Білім алушылар жобалау, модель жасау және сынақтан өткізу кезеңдерінен өткеннен кейін олардың осы үдерісті формалды түрде сипаттай алуы маңызды. Бұл — инженерлік ойлауды қалыптастырудағы негізгі қадамдардың бірі. Білім алушылар тек өз жобасының нәтижелерін ғана талдамай, сонымен қатар басқа топтардың шешімдерін салыстырып, олардың конструкция ерекшеліктері мен жетілдіру жолдарын бағалауы тиіс.

Нәтижелер мен оларды талдау

Педагогикалық зерттеу академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті физика-техникалық факультетінде жаратылыстану және инженерлік білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 1-курс студенттер арасында жүргізілді. Педагогикалық зерттеу 2024–2025 оқу жылының күзгі семестр бойы жалпы физика курсының «Механика» пәні бойынша жүргізілді. Зерттеу

жұмысы физика пәнін оқытуда STEM-технологиясын қолданудың тиімділігін анықтауға және студенттердің теориялық білімдерін тәжірибе арқылы бекітуге бағытталды.

Педагогикалық эксперименттің негізгі бөлігі жалпы физика курсының «Механика» пәні бойынша жобалар аясында өткізілді. Студенттер топтық форматта жұмыс істеп, әр қатысушыға нақты рөлдер бөлінді: жоба жетекшісі (1 студент), құрастырушы (1–2 студент) және мәліметтерді талдаушы (1–2 студент). Мұндай ұйымдастыру олардың зерттеушілік, инженерлік және аналитикалық дағдыларын дамытты.

Зерттеу барысында физика пәнін оқытуда STEM-технологиясын қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында бірнеше жобалық тапсырмалар орындалды. Бұл жобалар студенттердің ғылыми-зерттеу, инженерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті, сонымен қатар физикалық құбылыстарды нақты өмірмен байланысты түсінуге мүмкіндік берді. Бұл зерттеу нәтижелері физика пәнін оқытуда дәстүрлі тәсіл мен STEM-технологиясын қолдану арасындағы айырмашылықты көрсетеді. 3-кестеде бақылау тобының (дәстүрлі оқыту) және эксперименттік топтың (STEM-тәсілімен оқыту) студенттерінің оқу жетістіктері берілген.

Статистикалық талдау нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың оқу жетістіктері арасында мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті ($p = 0,0011$ және $p = 0,0009$). Бақылау тобының орташа оқу нәтижесі зерттеу басында 3,18 ($CA = 0,94$) болса, зерттеу соңында 4,12 ($CA = 1,26$)-ке дейін артты. Эксперименттік топта бұл көрсеткіштер зерттеу басында 2,86 ($CA = 1,03$) болса, ал зерттеу соңында 4,38 ($CA = 1,21$)-ке дейін өсті.

3 - к е с т е

Бақылау және эксперименттік топ студенттерінің оқу нәтижелерін салыстыру

Топтар	Оқу нәтижесінің бастапқы орташа мәні ($OM \pm CA$)	Оқу нәтижесінің соңғы орташа мәні ($OM \pm CA$)	p-мәні	Козннің d коэффициенті
Бақылау тобы (дәстүрлі әдіс)	3,18±0,94	4,12±1,26	0,0011	0,62
Эксперименттік топ (STEM тәсілі)	2,86±1,03	4,38±1,21	0,0009	0,75

Мұндағы OM — топтағы барлық нәтижелердің (бағалардың) арифметикалық орташа шамасы, яғни, студенттердің орташа оқу нәтижесі; CA — стандартты ауытқу, яғни студенттердің нәтижелерінің орташа мәннен қаншалықты айырмашылығы бар екенін көрсететін статистикалық көрсеткіш, p -мәні — статистикалық ықтималдық көрсеткіші, яғни алынған нәтижелердің кездейсоқ түрде пайда болу ықтималдығын сипаттайды; Козннің d коэффициенті — екі топ арасындағы айырмашылықтың әсер ету деңгейін сипаттайтын статистикалық көрсеткіш. Ол енгізілген әдістің оқыту нәтижесіне қаншалықты күшті әсер еткенін көрсетеді.

Козннің d коэффициентін талдау нәтижесінде бақылау және эксперименттік топтардың оқу жетістіктері арасындағы айқын айырмашылықтың орташа әсер мәнінен жоғары екенін көрсетеді ($0,6 < |d| < 0,8$). Яғни, STEM-технологиясын қолдану физика пәнін оқыту сапасына және студенттердің нәтижелерінің өсуіне айтарлықтай оң әсер еткенін дәлелдейді. Бұл нәтижелер STEM-технологиясын қолдану студенттердің физика пәнін терең түсінуіне, зерттеушілік және тәжірибелік дағдыларын дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді.

Зерттеу аясында эксперименттік топ студенттердің физика пәнін оқытудағы дәстүрлі әдіс пен STEM-технологиясын қолданудың қабылдану деңгейін салыстыру мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама студенттердің сабаққа деген эмоционалды қатынасын, пәнге қызығушылығын және ұсынылған оқыту форматына қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталды. Нәтижелер көрсеткендей (4-кесте), эксперименттік топтағы студенттердің басым бөлігі (шамамен 85 %) STEM-тәсілімен өткен сабақтар дәстүрлі оқытуға қарағанда анағұрлым қызықты және пайдалы болғанын атап өтті. Олар жобалық жұмыстардың материалды жақсы түсінуге көмектескенін, сабақтарда белсенді қатысуға мүмкіндік бергенін және командалық жұмыс дағдыларын дамытқанын айтты. Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері STEM-технологиясын қолдану студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін жандандыратынын көрсетті. Бұл тәсіл физика сабағында білім алушылардың

белсенділігін, зерттеушілік қабілетін және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететіні анықталды.

4 - к е с т е

**Эксперименттік топтағы студенттердің дәстүрлі
және STEM-сабақтарына қанағаттану деңгейін салыстыру**

Көрсеткіштер	Дәстүрлі сабақтар (%)	STEM сабақтары (%)
Сабақ мазмұны түсінікті болды	56	85
Тәжірибелік тапсырмалар пайдалы деп санайды	62	82
Сабаққа белсенді қатысуға ынта артты	59	84
Командалық жұмыс дағдылары қалыптасты	53	79
Теория мен тәжірибенің байланысын сезінді	51	83
Жалпы қанағаттану деңгейі	68	87

4-кесте мәліметтері көрсеткендей, эксперименттік топтағы студенттердің басым бөлігі STEM-тәсілімен өткізілген сабақтардың дәстүрлі сабақтарға қарағанда әлдеқайда қызықты, мазмұны бай және тәжірибеге бағытталған екенін атап өтті.

Бұл зерттеу жұмысы шектеулі қатысушылар тобымен жүргізілгендіктен, алынған нәтижелерді кең ауқымда жалпылау белгілі бір дәрежеде шектеулі. Сондықтан болашақ зерттеулерде зерттеу үлгісін кеңейтіп, оған әртүрлі білім беру ұйымдарындағы оқытушылар мен білім алушыларды көбірек қосу ұсынылады.

Сонымен бірге зерттеу тек физика пәнімен шектелмей, STEM құрамына кіретін математика, инженерия және технология пәндері мұғалімдерінің тәжірибесін талдауды да қамтуы тиіс. Бұл STEM-тәсілінің пәнаралық әлеуетін тереңірек түсінуге және оқу үдерісінде пәндер арасындағы өзара байланыстарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Алдағы зерттеулерде нақты сабақ жоспарлары, практикалық тапсырмалар және қолданылған әдістемелерді салыстырмалы талдау арқылы STEM-технологияларын оқу барысында тиімді іске асырудың әдістемелік модельдерін анықтау маңызды. Бұл физика және басқа жаратылыстану пәндерін оқытудың ғылыми-тәжірибелік негізін күшейтуге және оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстандағы білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу тек білім сапасын арттыруды ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның қазіргі және болашақ еңбек нарығы талаптарына сай жан-жақты дамуын көздейді. Физика пәнін оқытуда заманауи технологияларды, әсіресе STEM-тәсілдерін қолдану білім алушылардың теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға, ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық және инженерлік ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген педагогикалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, физика пәнін оқытуда STEM-технологиясын қолдану студенттердің оқу жетістіктерін арттыруда және пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруда тиімді әдіс.

Зерттеу нәтижелері STEM-технологиясының физика пәнін оқытуда білім сапасын арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар бұл тәсілдің әлеуеті математика, инженерия және технология секілді басқа пәндерде де жоғары екені байқалды. Алайда зерттеу шектеулі қатысушылармен жүргізілгендіктен, нәтижелерді кең көлемде қолдану үшін қосымша тәжірибелер мен бақылаулар қажет.

Болашақта STEM-технологиясының пәнаралық интеграция мүмкіндіктерін тереңірек зерттеу, жаратылыстану пәндеріне арналған қысқа мерзімді жоспарларды талдау, сондай-ақ мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал әзірлеу бұл бағыттағы жұмыстың келесі кезеңі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бөрібекова Ф.Б. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар / Ф.Б. Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова — Алматы, 2014. — 360 б.
- 2 Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Білім беру үдерісінде SMART-технологияларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. — [Электрондық ресурс]. — Нұр-Сұлтан, 2022. — 120 б. — Қолжетімділігі: <https://uba.edu.kz/>
- 3 Usembayeva I. 3D Modeling and Printing in Physics Education: The Importance of STEM Technology for Interpreting Physics Concepts / I. Usembayeva, B. Kurbanbekov, Sh. Ramankulov, A. Batyrbekova, K. Kelesbayev, A. Akhanova // Qubahan Academic Journal. — 2024. — Vol. 4, No. 3. — P. 45–58. <https://doi.org/10.48161/qaj.v4n3a727>
- 4 Li Y. A systematic review of high-impact empirical studies in STEM education / Y. Li, Y. Xiao, K. Wang, N. Zhang, Y. Pang, R. Wang, Ch. Qi, Zh. Yuan, J. Xu, S.B. Nite, J.R. Star // International Journal of STEM Education. — 2022. — Vol. 9, No. 72. — P. 18. <https://doi.org/10.1186/s40594-022-00389-1>
- 5 Dung T.M. Teachers and STEM Education: Collaboration across Disciplines and Implementation of Lessons in Two Subject Areas / T.M. Dung, V.N.T. Huong, N.T. Nga // Universal Journal of Educational Research. — 2020. — Vol. 8, No. 9. — P. 4122–4128. <https://doi.org/10.13189/ujer.2020.080938>
- 6 Изтлеуова А.А. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы STEM-технологиясы [Электрондық ресурс] / А.А. Изтлеуова. — Ақтөбе: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының баспа бөлімі, 2021. — 41 б. — Қолжетімділігі: <https://library.orleu-edu.kz/product/оқушылардың-функционалдық-сауаттыл-2/>
- 7 Honey M.A. STEM Integration in K-12 Education: Status, Prospects, and an Agenda for Research / M.A. Honey, G. Pearson, H. Schweingruber. — National Academies Press, 2014. <https://doi.org/10.17226/18612>
- 8 Dugger W.E. Evolution of STEM in the United States [Electronic resource] / W.E. Dugger // Knowledge in Technology Education: Proceedings of the 6th Biennial International Conference on Technology Education: Volume One (TERC 2010). Griffith Institute for Educational Research, 2010. — Access mode: <https://search.informit.org/doi/10.3316/informit.731822911107720>
- 9 Margot M. Teachers' Perception of STEM Integration and Education: A Systematic Literature Review / M. Margot, J. Kettler // International Journal of STEM Education. — 2019. — Vol. 6, No. 2. — P. 16. <https://doi.org/10.1186/s40594-018-0151-2>
- 10 Исаев Ғ.И. Биология пәнінде STEM-технологияларын жүзеге асыру арқылы оқушылардың ізденушілік дағдысын қалыптастыру [Электрондық ресурс] / Ғ.И. Исаев, Д.Ж. Юсупова, А.И. Исаев // «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ Хабаршысы. — 2023. — 6 (406). — Б. 154–168. — Қолжетімділігі: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/download/6041/4199/15058>
- 11 Жусупкалиева Г.К. STEM-технологиясын жүзеге асыру және дамытуда физика мұғалімдерінің дайындығын зерттеу мәселелері / Г.К. Жусупкалиева, Б.У. Куанбаева, М.Е. Рахметов // Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы. — 2024. — № 3(74). — Б. 170–178. <https://doi.org/10.47649/vau.24.v74.i3.15>
- 12 Bunyamin M.A. Current Teaching Practice of Physics Teachers and Implications for Integrated STEM Education / M.A. Bunyamin, C.A. Talib, N.J. Ahmad, N.H. Ibrahim, J. Surif // Universal Journal of Educational Research. — 2020. — Vol. 8, No. 5A. — P. 18–28. <https://doi.org/10.13189/ujer.2020.081903>
- 13 Haddad N. NASA Engineering Design Challenges: Spacecraft Structures [Electronic resource] / N. Haddad, H. McWilliams, P. Wagoner. — NASA, 2015. — P. 78. — Access mode: https://www.nasa.gov/wp-content/uploads/2015/04/engineering_challenge_spacecraft_structures_2021.pdf

Ж.Р. Шаланова, С.Н. Нуркасымова, Ж.Т. Камбарова

Использование stem технологий в преподавании физики: пример проектно-лабораторной работы

В настоящее время процесс преподавания физики активно совершенствуется за счёт широкого внедрения современных образовательных технологий. В соответствии с требованиями времени особенно важно развивать у обучающихся исследовательские и научно-аналитические способности, сочетая их теоретические знания с практической деятельностью. В статье рассматриваются пути эффективного использования современных технологий, включая STEM-технологии, в процессе преподавания физики. Основная цель работы — закрепление теоретических знаний обучающихся посредством практической деятельности и объяснение взаимосвязи между наукой, технологией, инженерией и математикой. В ходе занятий у обучающихся развиваются исследовательские, творческие способности, а также навыки командной работы и критического мышления. Проведённое педагогическое исследование показало, что использование STEM-подхода способствует повышению интереса обучающихся к физике и улучшению качества образования.

Ключевые слова: физика, новые технологии, интегрированное обучение по технологии STEM, учебные эксперименты, исследовательские навыки.

Zh.R. Shalanova, S.N. Nurkasymova, Zh.T. Kambarova

Using stem technologies in physics education: an example of a project-laboratory activity

At present, the process of teaching physics is actively improving through the widespread implementation of modern educational technologies. In accordance with current requirements, it is especially important to develop students' research and analytical abilities by combining their theoretical knowledge with practical activities. The article explores effective ways of using modern technologies, including STEM technologies, in the teaching of physics. The main goal of the work is to reinforce students' theoretical knowledge through practical activities and to explain the interconnection between science, technology, engineering, and mathematics. During the lessons, students develop research, creative, teamwork, and critical thinking skills. The conducted pedagogical study has shown that the use of the STEM approach contributes to increasing students' interest in physics and improving the quality of education.

Keywords: physics, new technologies, integrated STEM education, experimental learning, research skills.

References

- 1 Boribekova, F.B., & Zhanatbekova, N.Zh. (2014). *Qazirgi zamangy pedagogikalyk tekhnologiyalar: oqulyq* [Modern pedagogical technologies: Textbook]. Almaty [in Kazakh].
- 2 (2022). Y. Altynsarin atyndagy Ulttyq bilim akademiiasy. Bilim beru uderisinde SMART-tekhnologiiialardy qoldanu boiynsha adistemelik usynyndar [Y. Altynsarin National Academy of Education. Methodological recommendations on the use of SMART technologies in education]. *uba.edu.kz*. Nur-Sultan. Retrieved from <https://uba.edu.kz> [in Kazakh].
- 3 Usembayeva, I., Kurbanbekov, B., Ramankulov, Sh., Batyrbekova, A., Kelesbayev, K., & Akhanova, A. (2024). 3D modeling and printing in physics education: The importance of STEM technology for interpreting physics concepts. *Qubahan Academic Journal*, 4(3), 45–58. <https://doi.org/10.48161/qaj.v4n3a727>
- 4 Li, Y., Xiao, Y., Wang, K., Zhang, N., Pang, Y., Wang, R., Qi, Ch., Yuan, Zh., Xu, J., Nite, S.B., & Star, J.R. (2022). A systematic review of high-impact empirical studies in STEM education. *International Journal of STEM Education*, 9(72), 18. <https://doi.org/10.1186/s40594-022-00389-1>
- 5 Dung, T.M., Huong, V.N.T., & Nga, N.T. (2020). Teachers and STEM education: Collaboration across disciplines and implementation of lessons in two subject areas. *Universal Journal of Educational Research*, 8(9), 4122–4128. <https://doi.org/10.13189/ujer.2020.080938>
- 6 Iztleuova, A.A. (2021). *Oqushylardyn funksionaldyq sauattylygyn qalyptastyrudagy STEM tekhnologiyasy* [STEM technology in the development of students' functional literacy]. Aktobe: "Orleu" BAUO AQ filialynyn baspa bolimi. *library.orleu-edu.kz*. Retrieved from <https://library.orleu-edu.kz/product/оқушылардың-функционалдық-сауаттыл-2/> [in Kazakh].
- 7 Honey, M.A., Pearson, G., & Schweingruber, H. (2014). *STEM Integration in K-12 Education: Status, Prospects, and an Agenda for Research*. The National Academies Press. <https://doi.org/10.17226/18612>
- 8 Dugger, W.E. (2010). Evolution of STEM in the United States. *Knowledge in Technology Education: Proceedings of the 6th Biennial International Conference on Technology Education: Volume One (TERC 2010)*. Griffith Institute for Educational Research. Retrieved from <https://search.informit.org/doi/10.3316/informit.731822911107720>
- 9 Margot, M., & Kettler, J. (2019). Teachers' perception of STEM integration and education: A systematic literature review. *International Journal of STEM Education*, 6(2), 16. <https://doi.org/10.1186/s40594-018-0151-2>
- 10 Isaev, G.I., Yusupova, D.Zh., & Isaev, A.I. (2023). Biologiia paninde STEM-tekhnologiiialaryn zhuzege asyru arqyly oqushylardyn izdenushilik dagdysyn qalyptastyru [Forming students' research skills by implementing stem technologies in the subject of biology]. «Qazaqstan Respublikasy Ulttyq Gylm akademiiasy» *RQB Khabarshysy — The Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 6 (406), 154–168. Retrieved from <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/download/6041/4199/15058> [in Kazakh].
- 11 Zhusupkalieva, G., Kuanbayeva, B., & Rakhmetov, M. (2024). STEM-tekhnologiiiasyn zhuzege asyru zhane damytuda fizika mugalimderinin daiyndygyn zertteu maseleleri Problems of studying the training of physics teachers in the implementation and development of STEM technology. *Kh. Dosmukhambetov atyndagy Atyrau universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Khalel Dosmukhamedov Atyrau University*, 3(74), 170–178. <https://doi.org/10.47649/vau.24.v74.i3.15> [in Kazakh].
- 12 Bunyamin, M.A., Talib, C.A., Ahmad, N.J., Ibrahim, N.H., & Surif, J. (2020). Current teaching practice of physics teachers and implications for integrated STEM education. *Universal Journal of Educational Research*, 8, 5A, 18–28. <https://doi.org/10.13189/ujer.2020.081903>
- 13 Haddad, N., McWilliams, H., & Wagoner, P. (2015). NASA Engineering Design Challenges: Spacecraft Structures, 78. *nasa.gov*. Retrieved from https://www.nasa.gov/wp-content/uploads/2015/04/engineering_challenge_spacecraft_structures_2021.pdf

Information about the authors

Shalanova, Zh.R. — Master, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: sholanka@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-1375-7921

Nurkasymova, S.N. — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of General and Theoretical Physics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: SauleNurkasim@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-9835-6862

Kambarova, Zh.T. (contact person) — PhD, Professor, Buketov Karaganda National Research University; Karaganda, Kazakhstan; e-mail: kambarovazht@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9808-5484

K.R. Kabzhalelov^{1*}, Zh.K. Korganbaeva², A.R. Nurakhmetova³,
A.A. Meirmanova⁴, A.E. Sagimbayeva⁵

^{1,3,4,5} Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan;

² Abishev Chemical-Metallurgical Institute, Karaganda, Kazakhstan

(*Corresponding author. E-mail: kamil_kabzhalelov@outlook.com)

¹ORCID 0009-0008-6030-052X

²ORCID 0000-0001-8046-9586

³ORCID 0000-0001-8486-2158

⁴ORCID 0000-0001-9994-0817

⁵ORCID 0000-0002-3445-8832

The Impact of AI Tools on Critical Thinking in Science Education: A Systematic Review of Theoretical Advancements and Practical Outcomes

